



МУДДЕ ТЕКЕТИРЕСІ



ДИҚАН МЕН ДИРМЕНШІНІҢ ДАУЫ

Қант төңірегіндегі қиқу басылар басылмас, ұры желдей ой-қырды кезген қаңқу сөз ас атасына қарай ойысты. Алдымен диірменшілер дабыл қақты. Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында диірмендердің елеулі бөлігі істемей тұрған көрінеді. Олар елімізде «бір жарым аптаға ғана жететін бидай қоры бар» дейтін күмәнділеу мәліметті көлденең тартты.

«Біз екі-үш аптадан бері бидай сатып ала алмай отырмыз. Себебі, ұсыныс жоқ. Осының нәтижесінде ұн бағасы қымбаттайды. Қымбатшылықтан қашып құтылу мүмкін емес. Өйткені біз өндіретін өнімнің өзіндік құнының 85 пайызы шикізатқа тәуелді» делінген астық өндеушілер ұйымы таратқан суыт мәлімдемеде. Сол-ақ екен, түймедейді түйедей етіп көрсеткісі келетіндер «нан қымбаттайды» деп байбалам сала бастады.

(Жалғасы 4-бетте)

КЕСЕЛ

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ ҚҰРБАНЫ



Апта басталмай жатып, астанада оқыс оқиға орын алды. Қаржы пирамидасына алданған келіншек ішкі істер министрлігі ғимараты жанында өзін-өзі өртеді. 32 жастағы Бағила Досмайылова Mudarabah capital компаниясына қатысты қылмыстық істің барысына наразылығын осылай білдірді.

Алдымен ол өзінің Инстаграм парақшасында Mudarabah capital қаржы пирамидасынан зардап шеккенін, істің дұрыс тергелмей жатқанын, өзінің өліміне Алматы полиция департаменті басшысының орынбасары Рүстем Әбдірахмановтың кінәлі деп санайтынын айтып, мәлімдеме жасаған.

Ал Рүстем Әбдірахманов Facebook парақшасына бұл іске қатысты 14 адамның тергеуде екенін, екеуіне халықаралық іздеу жарияланғанын жазды.

Әлгіндей қадамға бармас бұрын, Б.Досмайылова Бас прокуратура ғимараты алдында Мейіржан Төребаев пен Мейірхан Шерниязовтың тұтқынға алынуын талап етіпті.

(Жалғасы 2-бетте)

ТАҒЛЫМ

ЗЕЙНОЛЛА СӘНІК ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ

ДӘСТҮРЛІ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МӘНІ

«Ұлттық тәрбие жүйесі жайындағы ой-пікірлерінде Зейнолла Сәніктің бала тәрбиесімен қатар, адамның қарттыққа жеткен кезеңіндегі өмір сүру қағидаларына қатысты ойлары да көңіл аударарлық. Мысалы, «Қарттықты қалай өткізу керек» дейтін мақаласында қазақ отбасындағы, жалпы қазақ қоғамындағы «қария», «ақсақал» ұғымдарының ғасырлардан келе жатқан тек құрметпен, сыйға лайық өмір сүре білген жаңдарға тән лауазым іспетті болғандығын айта келе: «Қарттар ұрпақ алдында өзінің қарттық салауатын, ақсақалдық абыройын сақтай білгені жөн» дейді.



(Бұл туралы 7-беттен оқыңыз)

СҰХБАТ

Күнгейде мәдениет басқармасын дәл Күлия Айдарбековадай ешкім ұзақ уақыт басқармаған. Төле би аудандық мәдениет бөлімінде – 8 жыл, Оңтүстік Қазақстан облыстық мәдениет басқармасында – 7 жыл. Арасында Тіл басқармасын тізгіндегені тағы бар. Қарап отырсақ, кіл басшылық қызметтерді абыроймен алып шыққан екен. Шымкент жақта «Қазақтың Күлиясы», «Күлияның кезеңі» деген сөз тіркестері жиі айтылып жүреді. Себебі Смайылханқызы атқарған жұмыстар, тындырған шаруалар, ілкімді тірліктердің санына жетіп болмайды.

Ол 40 жыл мемлекеттік қызметте істеді. Бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отырған ардақты жан. Бірақ «зейнетте отырмын» деп жүрген ол жоқ. Атапай партиясы жанындағы Азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі Miras республикалық қоғамдық кеңесінің төрайымы. Қала берді, жеке компанияның жұмысын ұршықша иіріп, әріптестерін демеп келеді. Зейнетақысын жеп, тыныш қана сериал көріп жататын әжелерге мүлдем ұқсамайды. Қашан көрсен, қоғамдық кеңестің жиынында не шетелде саяхаттап жүргені. Мемлекетке 40 жыл еңбек сіңірсе де, «болдым-толдым» деген Күлия ханымның өмірі, жүріп өткен жолы бүгінгі өскелең ұрпаққа үлгі болуға тиіс деген оймен онымен сұхбат құрған едік.

Күлия
АЙДАРБЕКОВА,
мәдениет
саласының
ардагері:



(Жалғасы 3-бетте)



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
104,18

DOLLAR
452

EURO
490

РУБЛЬ
5,2

ЗАҢ ЖОБАСЫ

Балаларды кибербуллингтен қорғау туралы заң жобасына қатысты қоғам мен халықаралық ұйымдар өкілдерінен 26-дан астам ұсыныс түскен. Сенаттың жалпы отырысында аталған заң жобасы екі оқылымда қаралды. Құжатқа түзетулер енгізіліп, Мәжіліске қайтарылды.

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев заң жобасының қоғамда жан-жақты талқылانғанын атап өтті. Сенат депутаттары ұсынылған ережелерді әбден зерделеп, келіп түскен өтініштердің барлығын ескерді. Осы орайда Мәулен Әшімбаев: «Сенаторлар заң жобасынан уәкілетті органға өз

бойынша өтініштерін жеке шенеунік немесе құрылымдық бөлімшенің басшысы емес, құрамына тек уәкілетті органның қызметкерлері және түрлі саланың мамандары, оның ішінде психологтар, лингвистер, заңгерлер және басқалары кіруі тиіс арнайы құрылған сараптама тобы қарауы үшін түзетулер енгізу. Төртіншіден, Мәжіліс мақұлдаған заң жобасында заңнамаға қайшы келетін барлық контентті жою. Сенатордың айтуынша, балаларға қатысты кибербуллингтің айқын белгілері бар, сарапшылар кеңесі балаларға қатысты кибербуллинг деп таныған контентті ғана алып тастау ұсынылады. Бұл ретте кибербуллинг контентін интернет-ресурстың ресми өкілі бір тәулік ішінде өшіруі тиіс.

Сенатор Динар Нөкетәева: «Заң жобасын қабылдаудан келесі нәтижелер, атап

мен мессенджерлердің жұмысын шектеуге немесе тоқтатуға мүмкіндігі болмайды. Тек балаға қатысты кибербуллинг деп танылған акпарат жойылады. Балаларға қатысты кибербуллинг қандай болмақ, өзгесі қандай болады, сенаторлар оны мемлекеттік органға емес, арнайы құрылған сарапшылар тобына шешуді ұсынды.

Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Дәнияр Қадыров балаларды кибербуллингтен қорғау туралы заң жобасындағы әлеуметтік желілердің ресми өкілдігі жайындағы норманы түсіндірді: «Қазір бізде Facebook, Instagram, Tik-Tok, ВКонтакте сияқты үлкен халықаралық интернет-ресурстармен жұмыс жүріп жатыр. Барлығы түсіністік танытып, келісiмiн бердi. Халықаралық интернет-ресурстар баланы кибербуллингтен қорғау

БАЛАНЫ КИБЕРБУЛЛИНГТЕН ҚОРҒАУ

қалауы бойынша интернет-ресурстардың, әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің қолжетімділігін шектеуге не жұмысын тоқтата тұруға мүмкіндік беретін өкілеттіктерді алып тастады. Соған сәйкес, онлайн-платформалардың өкілдерімен өзара іс-қимыл кезінде балаға қатысты кибербуллинг деп танылған акпаратты ғана жоюға мән берілді. Мұндай тәртіп балаларға қатысты кибербуллинг фактілеріне жедел назар аудару мен қоғамның акпаратқа деген сұранысы арасындағы теңгерімді ортаны табуға мүмкіндік береді деп сенеміз. Біздіңше, мұндай қадам «Жана Қазақстан» тұжырымдамасына және Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформалардың мазмұнына сай келеді», — деді.

Сенат заң жобасын талқылаған соң, Мәжіліс мақұлдаған кейбір нормалармен келіскен жоқ. Оған бірқатар түзету енгізіп, Мәжіліске кері қайтарды. Сенат депутаты Бейбіт Исабаев балаларды кибербуллингтен қорғау туралы заңға қандай түзету енгізу қажеттігіне тоқталды. Біріншіден, уәкілетті органның — акпарат және қоғамдық даму министрлігінің құқыққа қайшы контентті орналастыратын интернет-ресурстардың біріншай тізілімін жүргізу өкілеттіктерін алып тастау. Екіншіден, өзінің заңға тәуелді актісімен уәкілетті органның құқыққа қарсы контентті жариялауға жол берген интернет-ресурстарға қолжетімдікті шектеу қағидаларын белгілеу өкілеттігін алып тастау. Өйткені бұл мәселелердің барлығы Байланыс туралы заңның 41-1-бабы арқылы реттелген. Үшіншіден, ата-аналардың немесе Қазақстан азаматтарының балаларға қатысты кибербуллинг фактілері



айтқанда, баланың құқықтарын қорғау саласындағы тиімді құқықтық негізді қалыптастыру және заңнаманы жетілдіру, балаларды оларға қатысты кез келген зорлық-зомбылық көріністерінен, оның ішінде отбасылық қатынастар, білім беру және акпараттық кеңістік салаларында қорғау тетіктерін іске асыру, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген нысандарын ерте анықтау әрі ерте арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету саласындағы ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту, жоғары оқу орындарының білім беру қызметтерін ұсыну сапасын арттыру, сондай-ақ олимпиада жеңімпаздары — дарынды балалар мен олардың педагогтарын қолдау күтіліп отыр», — деді. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің өз қалауы бойынша интернет-ресурстардың, әлеуметтік желілер

қажеттігін жақсы түсінеді. Ірі желілердің де өз қауіпсіздік қызметтері бар, олар мұны қадағалап отырады». Министрлік өкілі бұл заң жобасында репрессивтік әдістер жоқ екенін атап өтті. Оның айтуынша, заң күшіне енгеннен кейін алты айға дейін уақыт беріледі. Сондай-ақ елімізде шетелдік телеарналардың өкілдіктері бар. Ол туралы Дәнияр Қадыров: «Бұл да қоғамда резонанс тудырды. Бірақ бірде-бір телеарна жабылған жоқ, барлығы жұмыс істеп тұр. Егер Қазақстан заңдарын бұзбаса, бірде-бір әлеуметтік желі бұғатталмайды. Бұл тек осы Заң жобасымен ғана реттелмейді — БАҚ туралы Заң, Байланыс туралы заң бар. Желіні мүлдем жабу туралы ештеңе айтылып отырған жоқ», — деді.

Талап ТІЛЕГЕН

Аптаның ұсынысы



«Дипломмен ауылға» бағдарламасының қабылданғанына 13 жыл өтсе де, ауылдық жерлерде кадр тапшылығы әлі де өзектілігін жойған жоқ. Аудан орталығы болып отырған моно және шағын қалалар да бұл жобаның игілігін көре алмай отыр. Айталық, Жамбыл облысы Талас ауданының орталығы Қаратау қаласындағы орталық ауруханада 10-нан астам маман-дәрігер жетіспейді. Мектептер мен балабақшаларға 20 мұғалім мен тәрбиешіге сұраныс бар. Жаңатас пен Шу қалаларында да дәл осындай жағдай. Мемлекеттен бөлінетін қыруар қаржының тиімділігін арттыру үшін аудандардағы моно және шағын қалаларды да жобаға енгізу қажет. Екіншіден, бұл жобаның тиімділігі бойынша ведомствоаралық жұмыстың жүйесін қайта қарап, жетілдіру қажет».

Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
Мәжіліс депутаты



Ауыс-түйіс



Мемлекет басшысының өкімімен Руслан Желдібай Қазақстан Президентінің баспасөз хатшысы лауазымына тағайындалды.



Тамара Дүйсенова, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі болып тағайындалды.


Сөз-Жебе



Жұбаныш ЖЕКСЕНҰЛЫ,
әнші:

«Қазіргі тобыр үйде отырып алып, әлеуметтік желіні қарағаннан басқа түк білмейді. Олардың басты өрмегі — әншілердің жеке өмірін аңду. «Кіммен қосылды? Кіммен ажырасты? Кіммен төбелесті? Міне, осының бәрін есектеп отырады. Өсек айтуға ғана әресі жеткен адамдарды «байғұс, бейшараға» теңер едім. Ондай адамдардың басқа нерсе ойлауға әресі жетпейді».

Әлеумет.т⁰



(Басы 1-бетіме)

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ ҚҰРБАНЫ

Бұл оқиға — Astex.kz және Mudaradan capital компанияларының 2019-2021 жылдары жүргізген қызу «жұмысының» жаңғырығы. 162 салымшының 2 млрд теңгесін өңешінен өткізіп жіберген ХХІ ғасырдың мавродилары өздерін сүттен ақ, судан таза етіп көрсетуге тырысты.

Әлеуметтік желіде қос компанияның жарнамасын жүргізген блогер, вайнер отрядына жататын «жұлдыздар» да «біздің қылмысқа ешқандай қатысымыз жоқ» деп сырт айналды. Өздеріне де, сөздеріне де имандай сенетін аңқау жұртқа арамзалық жасағанында шаруасы жоқ.

Инстаграмдағы атактылардың жазбасын қалт жібермейтіндер дәл осы Мейіржан Төребаев, Мейірхан Шерниязов, Әзім Саидбаев жарнамалаған «тиімді ислам инвестициясы» туралы роликке сеніп қалғанын айтады. Mudarabah capital-дың егізі Astex.kz компаниясының мақтауын асырған тағы бір танымал тұлға жауапқа тартылған жоқ. Ал ана үшеуі Mudaradan capital ЖШС құрылтайшысы болғандықтан басы шатылып отыр.

Вайнер Мейіржан Төребаевтың адвокаттары оның фирманы құруға еш қатысы жоқ деген деректі көлденең тартыпты. Алайда тергеу анықтағандай, ол құрылтайшы болғанға дейін-ақ тұрақты түрде осы компаниядан ақша алған. Төребаев пен Шерниязовтың жұрттан жиналған қаржыны бөлуге қатыспағаны айтылды. Сондықтан оларды қамауға алмау туралы шешім қабылданған. Оның үстіне Төребаевтың бес баласы бар екені, шетелге қашатын ойы жоқ екені есепке алынса керек.

Өзін-өзі өртеген Б.Досмайылованың қитығына тиген де осы жәйт. Ол 20 млн теңгесін қайтара алмай қапа болғанда, өзін кінәлі санамайтын вайнер еркіндікте сайрандап жүр. Мұны көргеннен кейін жазаға тартылатынына кім сенеді?

Елді дүрліктірген осы оқиғадан кейін ішкі істер министрлігі дереу брифинг өткізді. Жиында ІІМ тергеу департаментінің басшысы Санжар Әділов Mudarabah capital ісіне қатысты мәліметтермен таныстырды. Оның айтуынша, қаржы пирамидасын ұйымдастыру бойынша 14 күдікті тергеліп жатыр. Арасында Мейіржан Төребаев, Мейірхан Шерниязов және Әзімжан Саидбаев бар. Олардың және туыстарының мүлкі тәркіленген көрінеді. Санжар Әділов қаржы пирамидасын жарнамалаған үшеу қылмыстық жауапкершілікке тартылады деп сендірді.

Бұл оқиға Парламентте де сөз етілді. Мәжіліс депутаты Юрий Ли: «11 сәуірде Mudarabah capital қаржы пирамидасынан зардап шеккендердің бірі елордала өзін өртеп жіберді. Бұл трагедияға не себеп? Заң бойынша бізде қаржы пирамидасының қызметіне тыйым салынған. Алайда адамдар оңай ақша табу үшін осындай күмәнді жобаларға жиған-тергенін салады. Алаяқтар мыңдаған қазақстандықты жинаған қаражатынан, көлігінен, пәтерінен айырды. Қанша адамды несие мен қарызға батырды. Бұл, бір жағынан, адамдардың қаржы сауатының төмендігімен байланысты», — деді. Депутаттар қаржы пирамидасының жарнамасына қатыскандарды жауапкершілікке тарту туралы мәселені былтыр көтерген болатын.

Бізде ылғи осылай. «Болары болып, бояуы сіңгеннен кейін» ғана қозғаламыз. Үміті үзіліп, өзін өртеген келіншектің обалы кімге?

Гүлнар АХМЕТОВА

Аптаның ескертуі

Айдар ӘБІЛДАБЕКОВ,
сауда және интеграция министрлігі
сауда комитеті төрағасының
орынбасары:

«Елімізде бөлшек саудаға бақылау біраз жылдан бері жүргізілмеді. Нарықтағы сауда үстемақысына да бақылау жоқ. Бөлшек саудамен айналысатын кейбір ірі базарлар нарық бағасымен санаспайды.



Осыдан келіп бөлшек сауда нарығында делдалдар пайда болып жатыр. Ал делдалдар бағаға тікелей әсер етеді. Үйдің жанында ашылған азық-түлік дүкендері тауарларды дәл осы бөлшек сауда базарлары мен қоймалардан алады. Сондай-ақ кейбір сауда базарларындағы орынға шектеу қойылған. Базар басшылары бағаны өздері белгілейтін жағдай да бар. Осыған орай ірі бөлшек сауда базарлары мен қойма басшыларына, егер тұтынушылардан шағым түссе, жоспардан тыс тексеру жүретінін ескерткім келеді».

Сұхбат

(Басы 1-бетте)

Jas qazaq: Күлия Смайылханқызы, сіздің Оңтүстікке, мәдениетке сіңірген еңбегіңізді ел біледі. Зейнетке шыққаныңызға да үш жылдай боп қалды. Бірақ зейнеткермін деп үйде тыныш жатқаныңызды көрмедік. Шаршамайсыз ба?

К.Айдарбекова: Қазақта мақал-мәтелге айналып кеткен ұлағатты сөздер көп қой. Мысалы, «Ойдағының бәрі онай орындала бермейді» дейді. Ой орындалады, егер сенің шын арман-мақсатың болса. Егер де сен өзгергің келсе, оның бәрі орындалады. Өзім қазір зейнетке шықсам да, құр жатқан жоқпын. «Инкрузес» деген компанияда жұмыс істеп, өткен жылы шетелге 4 рет қыдырып келдім. Бір барғанда бірнеше мемлекетті аралап қайтамын. Өмір бойы еңбек еттім, енді отыра берсем де болады. Бірақ анам «Көзім жұмылғанша отбасыма, әулетіме керек болайын» деп тілеп отырушы еді. Шамам келгенше бір ағашты баптасам, жеміс-жидек егіп, аулада бақшама қарап, жалпы өмірдің соңына дейін өзімді қажет сезінуім үшін еңбек етуім керек.

Иә, жасыратыны жоқ, зейнетке шыққаннан кейін қолымыз бос болады деп ойлаймыз. Бірақ менің қолым мүлде бос емес. Уақытым жетпейді. Анам «Уақыттың жетпегені жақсы. Не істерінді білмей, барар жерің, сырласатын ортан, адамың болмаса, онда өмірді жәй ғана өткізген екенсін» деп деп айтушы еді.

Jas qazaq: «Кимылдаған қыр асады» деген мақал бар ғой. Бірақ қазіргі қазақ қоғамында кимылдағысы келмейтіндер, жәрдемақыға ғана қарап, оны ары тартып, бері тартып жеткізе алмайтындар, содан соң мемлекет неге жағдай жасап бермейді дейтіндер табылып жатыр ғой...

К.Айдарбекова: «Не істерімді білмей жүрмін» дегендерді өз басым түсіне алмаймын. Уақытты жеткізе алмай жүретін кезең ғой. Көктем кезі — өлі ары тартып, тірі бері тартып жатқан уақыт қой. Карнынды тойдыратын Жер-Ана. Сәуір айында егіп үлгердің бе, несібең мол болады. Бір шыбық қадасаң да, бір жеміс ағашын ексең де, біраз уақыттан кейін өнімін береді, карнынды тойғызады. Жер бос жатса, уялу керек. Ертең оның да сұрауы болады. «Анаға тағзым» кітабымда бір әжеміздің: «Жер бетінде өмір сүріп, айналасын гүлдендірмеген, қоғаландырмаған адам арғы дүниеде жәннатты қалай табады?» деген сөзін жазған едім. Сол сияқты бір ағаш қадасаң да, өзіңнің үлесін. Ауланда үйіргелік жерің бос жатыр, бірақ егілмеген. Сен тағы да несібеңнен қалдың. Ертең сол шөп-шаламды сатып алып жейсін. Адам қанша табыс тауып, бай болса да, бір мезгіл жерге еңкею керек.

Жалпы істеймін деген адамға жұмыс көп. Қазір, әсіресе, жастар, бір нәрсені бастайды да, тез жанып, жылдам сөніп қалады. Сол дұрыс емес. Адам арманын саппау керек. Мысалы, мен 40 жылдан астам мемлекеттік қызметте жұмыс істедім. Мемлекеттің жұмысын әрбір адам істей алатын шығар. Бірақ өзімді жеке жұмыс істей аламын ба, жоқ па деп сынап, өзімді жеке секторда да дәлелдегім келді. Мәселен, 40 жыл мемлекеттік жұмыста істеп, 150 мың теңгемен зейнетке шықтым. Мына компанияда үш жылдан бері істеп, айына 1 миллион теңге табыс тауып жатырмын. Үш жыл өзінің жеке кәсібiне арнап, сабыры жетпеген адам 40 жыл салпақтап тиын-тебенге жүре береді. Мен содан өттім. Бірақ қазір заман басқа. Қосымша жұмыс істесен де, неге істеп жатырсын демейді. Егер сен ақылды, білімді, жан-жақты болсаң, неге сен келдейсін?! Неге сен жұрт қатарлы өмір сүрмейсін?! Оның себебін тек өзіңнен іздеу керек. Қазіргі заманда он екі мүшен сау болса, ақыл-есің бүтін болса, бақытты болуға лайықтымын деп жұмыс істеуің керек. Табыс табатын көз де көп. Қазіргі кей жастардың сиқы мынау, түнімен қаңғырады, күнімен ұйықтайды. Түстен кейін ұйықдан оянғанда ырзық-несібенің бәрі Алланың базарында тарап кетті. Саған ешнәрсе қалған жоқ. Несібеннен құр қалдың. Ол үшін тек өзіңе ғана ренжю керек. «Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық» деп қазақ баяғыда айтып қойған. Сондықтан ерте жатып, ерте тұрып, жарық күнді еңбек етуге пайдалану керек. Ауызашарға барып келеді де, сәресіге дейін көшеде жарамазан айтып жүреді. Сосын ол қалай бай болады?

Jas qazaq: Қазақты осы керенаулық, жалқаулық, жатыпшіерлік құртып жатыр. Масылдық деген, тіпті белен алып, қанға сінді, әдетке айналып бара жатқандай. Осымен келіссіз бе?

К.Айдарбекова: Біз, қазақ, өзімізді жалқауымыз деп айтқанда, жылағым келеді. Тарихтан хабары жоқтар қазақты солай кемсiтеді. Қазақ жалқау болса, осыншама жерді алып қала ма?! Өрісте малы жайылған, қай уақытта да қарны тоқ болған қазақ, қайта келісекті асырап, төріне шығарған қазақ, бір нанының жартысын бөліп берген қазақ. Сондықтан қазақ ешқашан жалқау болмаған. Қазір жатыпшіерлер көбейді. Барлық уақытта қыстың қамын жаздан жасап, қысымен қуатты болып шыққан, малы да бапталған, ет жеп, қымызын ішіп, құртын езіп баракат тіршілік кешкен қазаққа жалқаулықты ешкім жапсырмасын.

ТІЛЕНШЕКТІК, ДУАНАШЫЛЫҚ ДҰРЫС ЕМЕС

Jas qazaq: Қазір мемлекет көпбалалы отбасыларға, әлеуметтік тұрмысы төмен



Күлия АЙДАРБЕКОВА, мәдениет саласының ардагері:

ҚАЗАҚ ЕШҚАШАН ЖАЛҚАУ, МАСЫЛ БОЛМАҒАН



отбасыларға жағдай жасап жатыр. Жағдай жасаған сайын риза болмаушылық, жетіспеушілік көбейіп бара жатқандай. Бұрынырақ мұндай жағдай болмаса да адамдар тып-тыныш өмірін сүрген ғой. Осы мәселенің себеп-салдарына үніліп көрген кезіңіз болды ма?

К.Айдарбекова: Бір отбасында бес бауыр өстік. Айналамызда 5-6 бала асырағандар көп еді. Бірақ олардың ешбірі де өкіметтен жәрдемақы сұраған жоқ. Алла берді екен деп қазіргідей ешкім баласының санын айтқан жоқ. Қазіргілер кит етсе, «Көпбалалы анамын» деп қоймайды. Неге олар қорықпайды? Көпті аз ете салу да, берген баланы ала салу да Алланың қолында. Алла ешкімді «ботамдатпасын»! Ешуақытта перзентінің санын айтпаған қазақ. Перзент пен дәулет көптік етпейді деген қазақ. Тіл-көз деген болады. Көп баланы Алла нәсіп етсе, ол үлкен бак. Соны қадірлеу керек. Ал біздің текті аналарымыз көп баланы да тауып, жерін де бос жатқызбайтын. Қыстың қамын жазда жасайтын. Сол кісілердің бәрі еңбекпен өтті ғой. Қазір ауылға бара қалсаң, қартобын базардан сатып әкелетінін көресің. Әйтпесе, есігінің алдында су сылдырап ағып жатыр. Соны пайдаланбайды.

Одан кейінгі өкінішті жәйттердің бірі, қазіргілердің жәрдемақы алу үшін бір үйде тұрып алып, некесін бұзып, ажырасып жатуы. Бір жәрдемақы үшін қаншама өтірік айтылатыны қынжылтады. Қаншама қомақты ақша алса да, өтірікпен келгені үшін берекесі болмайды. Негізі, өтірік ырызқ-несібені азайта береді. Өтіріктің тамыры біреу-ақ. Жалған сөйлеген арам пиғылмен қарны да тоймайды. Үйіп-төгіп әкелгенімен, оның бәрі сінбейді. Соны ұғу керек. Еңбек ету керек. Соңғы малын қонағына сойып беретін қазақтың ұрпақтары қазір тіленшек болып бара жатыр. Қол жайған дуанашылық үрдіске айналып бара жатыр.

Jas qazaq: Сіз жүрген жеріңізде адамдарға бағыт-бағдар беріп, көмектесіп жүретініңізді жақсы білеміз. Айналаңыздағы адамдармен әрдайым ынтымақты өмірді сүріп келесіз. Қоғамда кенпейілділік, ынтымақтастық рухы биік болу үшін не істеу керек?

К.Айдарбекова: Мен үйдің үлкені болғаннан кейін кішкентайымнан бауырларыма қарастым. Ойнауға шыққанның өзінде де біреуін арқалап

шығып ойнайтынбыз. Ұйықтаса, үйге апарып тастайтынбыз. Ол кездегі балалардың балалық шағы бәрінде бірдей өтті. Біз ата-анамызға жәрдемдесуге тырыстық. Ерте тұрып есіктің алдын сыпыратынбыз. Шелекпен су тасыдық. Көмір тасыдық. Аспаннан салбырап түскен жоқпыз. Еңбектенгеннен кейін қазір де бір-бірімізге жакынбыз. Бірдеңеміз болса, бөліскіміз келіп тұрады.

Тұрмысқа шықтық. Жас отбасы болдық. Бір бөлмелі үйде тұрғанның өзінде қайынсіңлілерім, қайындарым тұрды. Үйім тар деп ешкімді кіргізбей қойған жоқпыз. Үйден адам үзілмейтін. Пейіл тарылған жоқ. Біреуін оқыттық, біреуін жұмысқа тұрғыздық, біреуін үйлендірдік. Жас отбасылар қиналмасын деп жерімді де бере салдым. Қазір сол жерде қайным тұрып жатыр. Үлкен үй салып алды. Әйтеуір, өмір бойы бөлісумен келе жатырмыз. Ризықты Алла береді. Оны бөліп бергеннен, қонақ шақырғаннан, үйде адам жүргізіп, күткеннен, жәрдем бергеннен келдей боп қалса, мен келдей боп қалар едім. Мен көмектескен сайын Алла тағала маған еселеп берді. Әлі де солай. Мен мынаны берсем, келдей боп қаламын деген пиғыл болса, бермегендер менен озып кеткен жоқ. Бөліспегендер менен мықты боп кеткен жоқ. Қалтамыдағы соңғы теңгемді тастап кеткен кездер де болды. Қолымда тағып жүрген білезік, сақинамды тағып кеткен жерлерім болды. Бірақ одан менің саусақтарым сақинасыз қалған жоқ. Құдалықтарда киітке риза болмаған кезде үстімдегі шапанымды да шешіп бергенмін.

ЖАЛҚАУДАН МАСЫЛ ТУАДЫ

Jas qazaq: Айналып келгенде, сұраншақтық та, масылдық та, жатыпшіерлік те түбі тәрбиенің ақсауынан орын алған келенсіздіктер ғой. Ертең сол ортада өскен бала қалай болады?!

К.Айдарбекова:

«Тұлпардан тұлпар туады, Сұңқардан сұңқар туады. Асылдан асыл туады, Жалқаудан масыл туады. Сараннан бермес туады, Соқырдан көрмес туады. Мылжыңнан езбе туады, Қыдырмадан кезде туады», — деген Майкы би.

Біз баланы масылдыққа емес, жеңістікке тәрбиелеу керек. Бізде әуесқой балалар көбейіп кетті. Мен жаналық ашып, данышпандығымды көрсетейін деп отырған жоқпын. Мен де бабалар салған сара жолымен келемін. Дарақ жеміс берген сайын иіле бере ме, Алла тағала перзент бергендер де соншалық иіле түсуі керек. Айналамызда қаншама жандар перзентке зәур. Ал енді саған Алла көп баланы берген екен, сен де дарақ сияқты иілсеңші. Бата алуға тырыс. Балаларыңды еңбекке баулы. Бірге жұмыс істе. Тірісін бе, тіршілігіңді жаса. Зейнетке шығып алып, ақыл айту оңай шығар деп айтатын шығар. Мен зейнетке шықсам да, күнде жұмысымды істеймін. Жатып алып, сериал көріп, әлеуметтік желіде кім көрінгенмен айттысып отыруға уақытым жоқ. Одан да уақытыңды дұрыс пайдалан. Өйткені әйел түзелмей, қоғам түзелмейді.

Әр адамның қалай өмір сүруі өзінің тәрбиесіне, ұстанымына, ниетіне байланысты. Өмірін қалай өткізгісі келсе, ниетіне қарай Алла тағала соны береді. Жетісайда 24 жасар шәкіртімнің өзінен жеке мектебі, жеке балабақшасы бар. Менімен Дубайға қыдырып келді. Мен шәкірттеріме ұдайы «Кәсіптеріңді ары қарай дамыту үшін сендер шетелді көрулерің керек» деп айтамын. Сол жігіттің балалық шағы ауыр өтті. 7-сыныптан жұмыс іздеп, басқа балалар құсап ақшам жоқ деп үйінде жатпаған. Титтей кезінен тырбанып ақша тапты. Жақында екі қабатты үлкен үйіне кірді.

Адам кекірейгеннен гөрі еңкейіп жұмыс істеу керек. Ұйқыны қысқарту керек. Жас адам 4-5 сағат ұйықтаса, ұйқы қанып қалады. 20 минут мызғып алса, шаршағаны басылады. Ешнәрсе істемеген адам шаршайды. Мен 60-тан астам да шаршамаймын. Себебі алға қойған арман-мақсатым бар. Бала-шағама жәрдем беріп, бір жағын ұстап тұрғым келеді. Зейнетақы алып отырмын деп міндет қылғым келмейді. Масыл болып жатуға он екі мүшем сау, Құдайдан қорқам. Жасым келді екен деп өлетін сәтімді күтіп жатпаймын ғой. Жатуға құмар адамды Алла тағала ауру беріп жатқызып қояды деп ойлаймын. Жүргісі келмейтін адамның аяғынан алады да, жүргізбей қояды. Санасы балалық шақтағыдай кино көріп, ұйықтап жүре берсе, ол балалықтың тірлігі, аталыққа жараспайды. Адамның жасына қарай ата жасқа, әже жасқа келгенде аталыққа сай тірлік жасауың керек. Болатын бола 15 жасында басыпн дейді. Болмайтын бала 45-де жасыпн дейді. Барлығы адамның ниетіне қарай. Сондықтан, адам бірінші кезекте өзінің санасын жөндеу керек.

Jas qazaq: Сіз мемлекетке не бердіңіз, мемлекет сізге не берді?

К.Айдарбекова: Мен жалпы мемлекетіме «мемлекет маған не береді?» деп жұмыс істемедім. Әзір де мемлекет маған не береді деп міндет қыла алмаймын. Қазақ болып туылғаным, Қазақстанда туып, осында өмір сүріп жатқаным Аллага разылығымды айтамын. Мемлекеттік рәміздері, өз жері бар елдің азаматы болғаным бақыттымын. Осы мемлекеттің көркеюі үшін барымды салып жатырмын. «Осы мемлекетте туылдым, ол маған не береді?» деп қарап отырмалдым. Жас маман болып еңбек жолын бастағанымда мемлекетімнен 3 бөлмелі пәтер алдым.

Одан кейін мемлекетімнен ешнәрсе алған жоқпын. Берген жұмысын істедім. Ал енді мен мемлекетке не бергенімді айтатын болсам, егемендік алған жылдары Төле би ауданындағы барлық 53 мәдениет мекемесін жабылып жүріп сақтап қалдық. Сол жерде менің тікелей үлесім болды. Балабақша, аурухана, емханаларды жекешелендіруге бермей бәрін сақтап қалдық. Бүткіл кітапханалар мен мәдениет үйлерінің ешқайсысын сатқызған жоқпын. Одан кейін облыста Тіл басқармасын басқардым. Шымкент қаласында бір мезетте 400 көшенің атауын өзгертуге басқарма басшысы ретінде тікелей өз үлесімді қостым. Мәдениетті басқарғанда облыста 60-тан аса мәдениет мекемесі, барлық аудандарда мәдениет үйлері мен кітапхана, музейлер салынды. Мәдениетке де, Тіл басқармасына да өз үлесімді қостым. Ізім тұр. Оны ешкім де жоққа шығара алмайды.

Қазір бөріміз ақыл айтқыш болып кеттік. Айта береміз. Отырып алып Президентті айтамыз. Әкімдерді сынаймыз. Өзің әкім болмасаң, әкімде не шаруан бар?! Өзіңнің жұмысыңды істей берсеңші. Президент өз жұмысын атқарып жатыр. Сен одан да өз отбасыңды басқар, өзінді жөңде! Әр адам өзінің жаман қылықтарын жеңу керек. Өзін түзеу керек. Әр қазақ өзін түзесе, біздің елде бәрі керемет болады. Еліміздің болашағы жарқын. Жердің астын да, үстін де, адамын да байлыққа толтырып берген. Біздің қазақтың тегі жақсы ғой. Соны сақтап қалудымыз керек. Қазақ ешқашан масыл, жалқау болмаған. Қазір оңай жеңілудің жолы жоқ. Қол созып, алуды болады санамыздан алып тастауымыз керек. Мен мемлекетіме не беремін, қандай қызмет жасаймын деп ойлану керек. Ал мемлекетіне жағдай жасау үшін бірінші кезекте отбасыңның, әулетіңнің, жақындарыңның, көршіңнің жағдайын жаса. Бейшара боп өмір сүргісі келген адам бейшара болып өтеді. Мықты болып еліне елеулі, халқына қалаулы болып өткісі келетін кісі солай боп өтеді.

Jas qazaq: Ашық әңгімеңізге Алғыс! Белсенді зейнеткер болып, ұзақ жасаңыз!

Сұхбаттасқан Мөлдір КЕНЖЕБАЙ

Шымкент қаласы

КӨКЕІКЕСТІ

Мүдде текетіресі

(Басы 1-бетте)

Шикізаттын жоғын айтып, қаптын түбін қаққысы келетіндердің пікірі «күмәнділеу» дейтініміз, жыл сайын миллиондаған астықты камбаға құятын Қазақ елінде «бидай тапшылығы» дейтін түсініктің өзі қисынсыз екенін бәрі біледі. Дегенмен диірменшілер бекер аттан салмағанын айтады. Қазақстан астық өңдеушілер одағының вице-президенті Әлихан Талғатбек тілшілерге мұны былай түсіндірді: «Біздің максатымыз — байбалам салу емес. Ескерту. Мәселені жокқа шығара алмаймыз. Қазақстандықтарды үнмен камтуға ай сайын 280 300 тонна көлемінде астық керек.

ДИҚАН МЕН ДИІРМЕНШІНІҢ ДАУЫ



Қазір шикізат сатып ала алмай отырмыз. Бағаны тоннасына 150, 160, тіпті 170 мың теңгеге дейін көтердік. Ұсыныс жок. Бірақ ескертетін жәйт, олай болған жағдайда ұн да қымбаттайды. Сондықтан астық экспортына шектеу енгізуді ұсынып отырмыз. Өйткені бас-аяғы он күнде теміржолмен 165 мың тонна астық шетке шығып кетті».

Ал дикандар мұндай уәжбен келіспейді. Олар мұндай жағдайға бұған дейін бидайды терістік көршіден сатып алып отырған диірменшінің өзі кінәлі деп есептейді. Ресейден дән тоқтаусыз келіп тұрған кезде жергілікті шаруаның өніміне сұраныс болмапты. Отандық бидайдың орнына шетелдік өнімді жөн көрген. Мәскеу әлемдегі геосаяси ахуалға байланысты Еуразия экономикалық одағына мүше мемлекеттеріне астық экспортын биылғы 15 наурыздан 30 маусымға дейін тоқтатқаны мәлім. Қазақстан астық одағы шетелдік арзан шикізаттан қағылған диірменші ендігі жерде шығынды жергілікті бидайдың есебінен толтырғысы келеді деп есептейді. Осы ұйымның ресми өкілі Евгений Карабанов дикан бейнетінің зейнетін көргісі келетінін, жұмсалатын шығынның орасан екенін айтады. Ол: «Егін егу жұмысына арналған ресурс еселеп қымбаттады. Мен сізге жіліктеп те айтып бере аламын. Тыңайтқыштар 1,8 пайызға, зиянкестерге арналған жабдық 2 жарым есеге, тұқым 1,7 пайызға, қосалқы бөлшек 3 есеге қымбаттады. Сондықтан астық өсірушілер қазіргі нарықтағы бағаға өнімін сату арқылы шығынын өтеуге тырысады. Ал біздегі баға қымбат емес. Егіншілер тек еңбегінің ақысын

ғана алғысы келеді», - дейді. Салаға жауапты ауыл шаруашылығы министрлігі ахуалдың тұрақты, жағдайдың толық бақылауда екенін мәлімдеді. Дау-дамай астық өсіруші мен өңдеушінің ортақ мәселеге келе алмауынан туындаған көрінеді. Сатушы мен сатып алушы баға бойынша тіл табыса алмапты. Қазір отандық бидайдың тоннасы 160 мың теңгеге саудаланып жатыр. Осы мәселеге түсініктеме берген вице-министр Айдарбек Сапаров жок жерден жік шығарып, байбалам салмауға шақырды. Оның айтуынша, елде астық жеткілікті. Биылғы 1 сәуірдегі көрсеткіш бойынша, камбалағы дән 6,5 миллион тоннадан асады. Бұл ішкі нарықтың сұранысын қанағаттандыруға, сондай-ақ сыртқа жөнелтуге де толық жетеді. Бұған қоса, Азық-түлік

корпорациясының қорында 800 мың тоннадан астам астық бар. Қажет болып жатса, оны ішкі нарыққа жіберуге болады. Егер өнірлерден сұраныс түсіп жатса, қордағы астықты арзан бағамен жөнелтіледі. Сәрсенбі күні Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында министрліктің агро азық-түлік нарықтары және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу департаментінің директоры Назгүл Хатепова әлеуметтік нан бағасын тұрақты күйде ұстап тұру үшін ішкі нарыққа арзандатылған бағамен астық жіберілетінін хабарлады. Оның айтуынша, әкімдіктер алдағы егін орағына дейін 275 мың тонна көлемінде баға төмен бидайға тапсырыс берген. Бүгінге дейін өнірлерге 36 мың тонна бидай арзан бағамен жіберіліпті.

Айта кеткен жөн, астық әлеуметтік ұн санатына жатады, яғни әлеуметтік нанға ғана жұмсалады. Демек ас атасының құны қалыпты күйінде қала береді. Ал өзге ұн өнімдерінің бағасының өсуі әбден мүмкін. Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев осы мәселеге орай «Әлеуметтік нанға ұн жеткілікті. Бірінші сұрыпты 400 грамдық әлеуметтік нанның бағасы сақталады. Оған біз 275 мың тонна бидайды өзіміздің қорымызда сақтап, өнірлерге солардың сұранысымен жіберіп отырамыз. Қалған ұн өнімінің бағасы бидай бағасымен байланысты болады» деді.

Ауыл шаруашылығы министрлігі ішкі нарықты тұрақтандырып, бағаны ауыздықтау мақсатында 15 сәуірден 15 маусымға дейін астық пен ұн экспортына квота енгізеді. Шаруалар тек 1 миллион тонна дән мен 300 мың тонна ұнды шетке жөнелте алады. Сонымен қатар, астықтың 10 пайызын арзан бағамен ішкі нарыққа сатуға міндетті.

Дикан мен диірменші арасындағы келіспеушілікке қатысты Е.Қарашөкеев те өз пікірін білдірді. Ол: «Біз бидай, не ұн өңдейтін өндірушілер арасында келіссөз жүргізе алмаймыз. Шу көтеріп отырғандардың 80 пайызы, ұн өңдейтіндердің 80 пайызы экспортқа шығарып отыр. Сол себепті олар өзара келісуі керек», — дейді.

Ауыл шаруашылығы министрлігі өкілдері елдегі элеваторларда қанша астық барын тексерген деседі. Оның нәтижесіне жүгінсек, бидай тапшылығы болған емес, болмайды да.

Талап ТІЛЕГЕН

Бәстіу

Көп елдердің тәжірибесі көрсеткендей, инвестициялық ахуалдың нашарлауы капиталдың офшорға жылжуына себепші болады. Бірақ біздегі салық мекемелері мен реттеу органдары бұған мән бермейтін сияқты.

КАПИТАЛДЫҢ СЫРТҚА КЕТУІНЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕСІН НЕМЕСЕ БҮЙРЕКТЕН СИРАҚ ШЫҒАРҒЫСЫ КЕЛЕТІНДЕР НЕНІ КӨЗДЕЙДІ?

ТЕРІС ТӘЖІРИБЕ

2015–2016 жылдары Түркия экономикасына инвестиция салатын халықаралық компаниялардың саны күрт азайды. Ыстамбұл өнеркәсіп палатасы жыл сайын «Түркияның 500 ірі өнеркәсіп компаниялары» деген есебін жариялайды. Онда 2016 жылдан бері шетелдік үлесі бар бизнестің азайып бара жатқаны айтылған. Бес жылдың ішінде олардың саны екі есе (!) қысқарыпты. Осы кезеңде, яғни 2016–2021 жылдары түрік экономикасына тікелей құйылған шетел инвестициясының мөлшері 30-35 пайызға кеміген.

Бұл қалай? Экономикасы мығым, гүлденген ел емес пе? Капиталдың сыртқа кетуіне мемлекет шығынының көбейгені себеп болған. Әлеуметтік түйткілдерді шешіп, тұрмысы төмен тұрғындарға қолдау көрсетуді максат тұтқан билік 2015–2016 жылдардан бастап үнемі ресурс іздеумен болды. Популистік саясаттың кесірінен салық саласындағы ахуал нашарлап кетті. Ол жайында тіпті болжам айтудың өзі қиын бола бастады. Бұл жақсы емес. Ойын ережесі қайта-қайта өзгерген соң, инвесторлар ертенгі күнге сенбейді.

Сөйтіп соңғы 5–7 жыл ішінде түрік үкіметі экономиканың іргелі секторларында салықты көбейтті. Инвесторлар дәл осы салаларда шоғырланған. Нысанаға алдымен туризм және ойын-сауық бизнесі, банк пен құрылыс саласы ілінді. Жұмыссыздық белең алғанда бұқараны демеуге бағытталған мұндай саясат инвесторларға жайсыз тиді. Капитал сыртқа ағыла бастады. Соның нәтижесінде салық түсімі азайды. Ел экономикасының тірегі саналатын туризм саласына да оңай тиген жок.

Мұндай жағдайда кәсіпкерлер тығырықтан шығатын жол іздеуге мәжбүр. Оның тәсілі көп, әрине. Мәселен, Түркияда жұмыс істейтін компаниялардың қаржысы офшорға жіберіле бастады. Салықты мейлінше аз төлеу үшін бизнес неше түрлі айналма жолдарға түсіп, компаниясын офшорда тіркеуге көшті. Әйтсе де, кәсібін елінде-ақ жүргізе береді. Үкімет бұған тосқауыл қоюға тырысса да, нәтиже көңіл көншітерлік емес. Офшорда бизнестің құрылымын бөлшектеп, оны бүркемелеудің әдісі жетіп артылады. Қайбір кәсіпкер өз бизнесінің 10–20 пайызын өз еліндегі салық шеңберінде тіркейді де, қалған 80–90 пайызын офшорда ұстайды.

Жалпы бұл жалғыз Түркияға тән жағдай емес. Капиталдың сыртқа әкетілумен бірқатар дамып жатқан мемлекеттер де бетпе-бет келді. Өйткені ондағы билік «әлеуметтік мемлекет» құруға әуестеніп, өз саясатында әлеуметтік шығынды көбейтіп тастаған. Сайлауда жеңіске жету үшін мұндай популистік ұранның, әлбетте, көмегі бар. Бірақ ол ұзаққа бармайды. Ел ішіндегі қаржы сыртқа кетсе, жағдай мүшкіл. Салық түсімі күрт кемиді, үкімет халыққа берген уәдесін орындай алмайды, осыдан келіп митингтен көз ашпайды. Қысқасы, мұндай саясаттың түпкі нәтижесі жақсы емес. Капиталдың сыртқа ағылуына тиісті деңгейде мән бермеу бизнестің мемлекетке деген сенімі, сөзсіз, азайтады. Инвестициялық тартымдылығы төмендейді. Бизнес үшін қолайсыз ахуалдың қалыптасуы айналып келгенде экономиканың дамуын тежейді. Шектен тыс салық салу қаржының сыртқа әкетілуіне әсер етеді. Бұдан кейін «салықты азайтамыз, іскерлік ахуалды жақсартамыз» деген уәдеге ешкім сенбейді.

ОҢ ТӘЖІРИБЕ

Бұған қарама-қарсы үлгі де бар. Бизнес жүргізуге қолайлы, ең бастысы, барлық жағынан тұрақты елдердің тәжірибесі көрсеткендей, капиталдың сыртқа ағылуына тосқауыл қоюдың ең үздік тәсілі — кәсіпкерлік үшін жағдай жасау, оны жартастай мызғымас ету. Қандай өзгерту енгізілсе де, бизнес жүргізу мен салықты қозғамаған дұрыс. Осы тұрғыдан алып қарағанда, сарапшылар Қазақстанды жағымды мысал ретінде келтіреді. Отандық экономиканың инвестициялық тартымдылығы көп жылдан бері инвесторлар үшін қалыпты құбылысқа айналды. Бұл шетелдік капиталды молынан тартып, басымдық берілген салаларды жылдам дамытуға мүмкіндік береді. Елдегі қолайлы іскерлік ахуал «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» заманда экономиканы өркендетуге, ал дағдарыс кезінде де оны сүйемелдеуге септігін тигізеді. Әлемде экономикалық тұрақтылық шатқаяқтай бастағанда инвесторлар дауылды кезеңде аялдай тұратын орын іздейді. Міне, сол кезде тандау Қазақстан сияқты тұрақтылығы мығым елдерге түседі. Соның нәтижесінде, біздің еліміз үшін жаһандық дағдарыс мүмкіндікке жол ашатын терезеге айналады. Басқа жақта жағдай нашарлағанда, бізде, керісінше, инвестиция құйылып жатады.

Мұның бәрі, әрине, тамаша. Біздің инвестициялық тартымдылығымыз шын мәнінде мақтан тұтарлық. Алайда соңғы уақытта бізде де «тың» ереже ойлап тауып, жекелеген салаларда бұрландырып қатайтқысы келетіндер шыға бастады. Олар мұндай ұмтылысын түсіндіргенде, негізінен ағымдағы әлеуметтік түйткілдерді шешуге әкеліп тірейді. Бірақ бізде әлеуметтік мәселе онсыз да шешімін тауып отыр емес пе? Ең бастысы, қазына қоржынының бүйірі тоқ. Ал әлгіндей экономиканың иісі мұрнына да бармайтын, сұлу сөзге әуес «жанашылдар» бүйректен сирақ шығарғысы келеді.

Қазіргі кезде олардың жойқын бастамаларының бағыты шолок. Мұнай өндірісі, металлургия, машина жасау, мұнай-химия сияқты негізгі салаларға «модернизаторлардың» азуы батпайды. Алдағы кезеңде де бұл салалар салық және реттеуші салада тұрақтылық тірегі болып қала береді. Бірақ кейбір салаларда ондай сенім жок. Олар орасан табыс әкелмесе де, мол қаржыны шоғырландырып отыр. Елдің беделін арттыруға үлес қосады.

«Реформаторлық» идеялар ойын-сауық, туристік, сондай-ақ ойын бизнесіне қатысты. Қазір осы салаларға түбегейлі өзгеріс әкелетін ұсыныстар айтылып жатыр. Қайталап айтайық, мұндай идеялардың авторлары — өздері реттегісі келетін саладан мүлде хабары жок адамдар. Мәселен, олар тіпті букмекерлік кеңсені дәстүрлі ойын индустриясынан (*лото, казино, тотализатор және т.б.*) да ажырата алмайды. Олар үшін бәрі де ойын бизнесі. Түрлі сала мен бизнесті араластырып, қойыртып жасау арқылы олар бәрін бір тәсілмен реттеуді ұсынады.

Осы орайда айта кеткен жөн, букмекерлік бизнестен бюджетке түсетін табыс орасан. Ай сайын ондаған миллиард теңгеге жетеді. Әрі бұл салада отандық қана емес, ірі халықаралық инвесторлар да бар.



Букмекерлер — бір ғана мысал. Ойын-сауық, туризм және демалыс саласы туралы да осыны айтуға болады. Мұнда да ірі инвесторлар жұмысын жүргізіп отыр. Оларға қолданыстағы нормалар, ережелер, тіпті жұмыс жағдайының титтей де болса бұзылуы жайсыз тиетіні анық. Букмекерлік кеңселер жуырда ғана Бурабай мен Қапшағай сияқты арнайы аймаққа көшу үшін қомақты сома жұмсады. Осы кезге дейін мекемелер алансыз жұмыс істеп тұрды. Бюджетті толтыруға үлесін қосты. Енді қайтадан бері өзгерейін деп жатыр ма? Инвесторлар мұндай тәжірибені қол шапалақтап қарсы ала қоймас. Айтпақшы, ойын-сауық, туризм және демалыс салалары туралы айтқанда, елімізде бұлардың даму әлеуеті зор екенін есепке алған жөн. Ең бастысы, бұл салалар мұнай немесе металдың әлемдік бағасына тәуелді емес.

БҮЛДІРУ ОҢАЙ

Инвестициялық ахуалға залалын келтіретін популистік тәжірибелер Түркиядағы сияқты туристік және ойын-сауық капиталының офшорға ойысуымен ғана қауіпті емес. Басты қатер — Қазақстанның инвесторлар үшін тұрақтылық аралы болмай қалатынында, елімізге деген сенімнің жоғалуында. Инвесторлар елден кете бастағанда, бүлінгенді қалпына келтіру оңай болмайды.

Мұның тек жекелеген салаларға ғана емес, бүкіл отандық экономикаға соққы болып тиетінін түсінген жөн. Инвесторлар титтей өзгерісті қалт жібермей, жағдайды бақылап отырады. Олар мынадай заңды сауал қоюы мүмкін: егер бүгін бір салада ойын тәртібі өзгерсе, ертенгі күні басқаларында өзгермейтініне кім кепіл? Ойын ережесінің тұрақты екеніне бір рет қана күмән келтірсе, ертенгі күні ешкімге ештеңе дәлелдей алмайсың. Онда тәжірибе жасауға құмар популистердің кесірінен елдің беделі төмендеп, инвесторлардың капиталды әкетуіне түрткі болып жатса, бізге керек пе осы?

Олжабек БАЙҚАТОВ



Салтанат СЫДЫҚОВА: ҚАЛАУЫН ТАПСАҢ, ҚАР ЖАНАДЫ



Көпбалалы 38 жастағы ана Салтанат Сыдыкова — Шығыс Қазақстан өңірінің тумасы. Отбасымен Алматы іргесіндегі Өтеген батыр кентіне осыдан алты жыл бұрын көшіп келіпті. Күнделікті таңнан кешке дейін мейрамханада аспаздың көмекшісі болып жұмыс істейді. Қолы бос кезде тоқыма тоқып, қосымша табыс тауып отыр. Бірде ол құжат мәселесімен әкімдікке барғанда, өзі сияқты колөнермен айналысатын аналардың «Бастау» бизнес жобасымен оқып, өз кәсібін ашқанын естиді. Көп ойланбастан, бағдарлама туралы егжей-тегжейлі сұрастырады. Алғашқы курсқа қатысады. Шамамен бір айдан астам уақытқа созылған курста кәсіп ашып, оны жүргізу, маркетинг, құқықтық сауаттылық туралы мағлұмат алады.

«Алғашында маған осы шынымен қажет пе? Болашақта пайдасы тие ме?» деген ойда жүрдім. Кейін қолымнан іс келіп тұр, неге осыны әрі қарай дамытпасқа. Өз кәсібімді ашып, білгенімді өзге жандарға үйретпеске деген ойға келдім. Өйткені көпбалалы болсам да мемлекетке алақан жайғым келмеді. Өйткені менің мақсатым — балаларымды еңбекқор етіп тәрбиелеу. Сөйтіп курсты аяқтап, бизнес жоспарымды қорғап шықтым. Мемлекеттен қайтарымсыз грант алдым. Бұл қаржы жеке кәсібімді дамытып, қажетті құрал-жабдықтар сатып алуыма, тіпті қаладағы сауда орталығынан кішкентай butik ашып, өз қолыммен жасаған бұйымдарымды сатуға мүмкіндік берді. Міне, бүгін отбасымызбен кәсібімізді дөңгелетіп отырмыз. Жолдасым да тапсырысты жеткізіп беріп, қол ұшын беріп жатыр», — дейді.

Осындай кішігірім бизнесінің арқасында көп балалы ана екі адамды жұмыспен қамтып отыр. Біреуі — сатушы. Екіншісі әлеуметтік желіні дамытып, тапсырыс қабылдайды. Ал қалған бұйымның барлығын Салтанат өз қолымен, кейбірін тоқыма құрылғысының көмегімен тоқиды.

Кәсіпкер ана шағын бизнесін өркендету үшін әкімдік тарапынан да қолдау болғанын айтады. Олар көбінесе аудан, облыс көлемінде ұйымдастырылатын көрмеге шақырып тұрады. Онда өзі секілді түрлі колөнер шеберлерімен кездесіп, тәжірибесін шындайды. Жаны қалайтын іспен айналысып, әрі одан табыс тауып отырған ана кәсіппен айналысу кезінде кездесетін түрлі қиындықтардың бар екенін де жасырмады. Салтанат сөзін былай жалғады: «Кейде жалға алып отырған орынды қымбаттатып жіберетін кездер болады. Ондай кезде шығындар қайта есептеледі. Бірақ, ең бастысы, қандай кәсіп болмасын, жалқаулыққа салынбау керек. Егер мен тапсырысты уақытында өткізбесем, ертең

тұтынушыларымнан айырылып қаламын. Қазір — бәсеке заманы. Сен жалқаулыққа салындың ба, басқа бір пысық адам келіп, тұтынушыңды «қағып» кетеді. Бір түсінгенім, тынбай еңбектену, іздену, үнемі жана нәрсені үйрену керек. «Үкімет төлеп береді» деп алақан жайып отыратын уақыт келмекке кетті. Өз басым «бізге үй керек, бізге акша керек» дейтін көпбалалы аналарды түсінбеймін. Әр ана баланы өзінің отбасы үшін өмірге әкеледі. Баланды асырауды мемлекетке артып қойғанды тоқтату керек. Бұрын заман басқа болды. Мемлекет беретін жәрдемақыға кейбір отбасылар күн көретін, кейбірі қажетіне жеткізетін. Қазір азық-түлік те, киім-кешек те қымбат. Мемлекеттен берілетін жәрдемақы — отбасының қандай да бір қажеттілігіне жұмсалатын демеу іспетті. Ал отбасыңды асырайтын басты қаржыны өзің табуың керек», — дейді.

Салтанат тапсырысқа тоқыма бұйымдарын тоқиды. Тұрмысқа қажетті керек-жарақтарды да сатады. Тек колөнер бұйымын сатумен шектелсе, табысы аз болады. Өйткені тоқыма бұйымдарына сұраныс әдетте күз және қыс айларында көбейді. Ал көктем мен жазда тапсырыспен ғана жұмыс істейді.

«Өз қолымнан шыққан дүниені жарнамалау жағын енді үйреніп жатырмын. Қасыма әлеуметтік желіде таргетинг жасап, тапсырыспен жұмыс істейтін адам алдым. Басында осының қаншалықты пайдасы барын білмеппін. Сөйтсем, ол дегеніңіз кәсіпті дамытуға арналған жана бағдарлама екен. Оның үстіне қазір елдің барлығы Инстаграмда отырады. Тұрмысқа керек нәрсенің барлығын сол жерден таңдап, тапсырыс беріп отыра береді екен. Қазір осы жарнаманың арқасында біраз тапсырыс орындалады», — дейді кәсіпкер келіншек.

Біз іскер келіншектен үйде отырған көпбалалы аналарға қандай кеңес беретіні жөнінде сұрадық.

«Әр ана, қанша баласы болса да, ең алдымен отбасын бірінші орынға қоюы керек. Бала ата-анасынан үлгі алады. Мен әжемнің тәрбиесінде өстім. Анам да үнемі жанымда болды. Еңбекке де баулыған анам. Тоқымаға қызығушылығымды арттырды. Сондықтан мен анама қарап өстім. Қазір қыздарым да маған қарап қызығады. Қолдарына біз алып, тоқып жүр. Олардың қиялы да ерекше ғой. Кейде жана үлгілерді ойлап табуыма қыздарым көмектеседі. Өзім сияқты біраз көпбалалы аналармен араласамын. «Үй тірлігі мен бала бағудан қолымыз босамайды. Кәсіп ашсақ, отбасымызды ұмытатын шығармыз» дейтіндері бар. Мен олармен келіспеймін. Бәріне де үлгеруге болады. Ең алдымен жалқаулықтан арылуымыз керек. Адам алдына мақсат қойып, соған жету үшін еңбек етсе, оған отбасы да, бала-шаға да кедергі емес. Барлығын жоспарлап, өз орнымен атқарса, уақытты тиімді пайдалануға болады. Ал мемлекетке алақан жайып, бір орында отыра берсең, сол орында қалып қоясың. Сондықтан көпбалалы аналарға айтарым: «Қалауын тапсаң, қар жанады». Өзің қалаған сүйікті ісіңмен айналысуға қашанда уақыт табуға болады. Қазір даимың, өсемін, өзгеремін деген адамға барлық жағдай бар», — дейді Салтанат.

Үлгі-өнеге

Соңғы кезде ақал еңбекпен емес, жеңіл жолмен қалтасын қалыңдатқысы келетіндердің қатары көбейді. Тек мемлекет жәрдемақысына күн көріп отырған отбасылар да бар. Олар «үкімет бізді асырауға міндетті» деп санайды. Мұндай патерналистік пиғылдың жақсылыққа апармайтыны бесенеден белгілі. Адам баласын аздыратын жалқаулық пен масылдықтан қалай арыламыз? **Jas qazaq іскер аналарды сөзге тартты.**

36 жастағы Әйгерім Асаубаева — төрт баланың анасы. Қыз-келіншектерге арнап қазақы нақышта тапсырысқа көйлек тігеді. Қазір ол жеке киім салонын ашып, үш адамды жұмыспен қамтып отыр. «Киім пішіп, тон тігу әжемнен дарыды» деген кәсіпкер ана өзі жайлы былай деп әңгімелеп берді: «Оқушы кезімде Ақтауда тұратын нағашы әжемнің үйіне жиі апарып тастайтын. Алматыдан Ақтауға барғаннан кейін үш айлық жазғы демалысым әжемнің қасында өтетін. Әжем көзі нашар көрсе де ескі мәшинкесімен көйлек, камзол тігуші еді. Маған ине

Бұл қыздар кәдімгідей тігін курсынан өткен, тігіншілікпен кәсіби айналысқысы келетін жас мамандар. Осылайша үшеуміз тапсырысты уақытымен орындай басталдық. Былтыр ірі сауда орталығынан жалға бөлме алып, ателье аштық. Қасымызға тағы бір тігінші әрі әлеуметтік желіні жүргізетін маман алдық. Қазір тапсырысқа қазақы нақыштағы көйлек, камзол, тіпті күнделікті өмірде киетін киімдер де тігеміз», — дейді Әйгерім.

Кәсіпкер келіншек мамандық таңдауда қателеспеу керек дейді. Шебер келіншектің көпбалалы аналарға, жас қыз келіншектерге айтары бар: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген нақыл сөзді қаперімізде ұстасaq. Біз, әйелдер үйде отырып алып, отағасына «ақша тап, анаған жетпейді, мынаған жетпейді» дейміз. Отағасының табысы бүкіл бір отбасын асырауға жетсе болды деп отыра беретіндер де бар. Оны он жылдан астам үйде отырғандықтан өзiм жақсы түсiнем. Мемлекеттен де қолдау бар. Ол да баланың керек-жарағына кәдімгідей көмек.

Дегенмен сүйікті ісіңмен айналысып, табыс табуға болады емес пе? Әкімдікті шулатай, «жағдайымыз жок, бізге көмек керек» деп сұранып баратын аналарды көргенде ұяламын.

Әйгерім АСАУБАЕВА: МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДА ҚАТЕЛЕСПЕУ КЕРЕК

сабақтатып қояды. Сосын біртіндеп көйлектің етегін бүріп тігуді үйретті. Осылайша мен де әжеме көмектесіп жүріп, тігін тігуге құмарттым. Жазғы демалысты асыға күтетімін. Ата-анам менің дәрігер болғанымды қалады да, медициналық колледжге оқуға түстім. Медбике мамандығын ата-анам үшін бітіргеніммен, мамандығым бойынша жұмыс істегім келмеді. Бәрібір бүйрегім тігіншілікке бұрып тұрады. Отау құрдым, төрт баланы дүниеге әкелдім. Бірақ сонда да бір нәрсе жетпей тұрғандай көрінетін. Бала тәрбиесімен он жылдай үйде отырдым».

Әйгерімнің кәсіп бастап, тігіншілікті қайта қолға алуына көршісі себепкер болыпты.

«Бір күні көршіміздің қызы күзгі би кешіне қатысатын болып, ерекше көйлек іздеді. Көршім менімен ақылдасуға келді. Бүкіл өнерімді салып қазақы ою-өрнекті сары жапырақтардан ойып, көйлек тігіп бердім. Көршіміздің қызы сол кеште өзгеше көйлегімен көзге түсіп, бірінші орын алыпты. Содан кейін мектептегі би тобындағы қыздар киетін қазақы нақыштағы көйлекке тапсырыс түсті. Оны да әдемiлеп тігіп бердім. Әлгі көршім «неге талантыңды жасырып жүрсің, қазір «Атамекен» кәсіпкерлік палатасынан түрлі курстарға қатысып бизнес бастауына болады. Мен ол туралы бәрін біліп келдім. Ертең мына мекенжайға барып тіркел» деп әлгі мағлұмат жазылған қағазды тастап кетті».

Әйгерім отағасымен ақылдасып, кішкентайларын бөбекжайға орналастырады. Алматыдағы «Атамекен» кәсіпкерлік палатасынан арнайы «Бастау» бизнес жобасы бойынша білім алады. Курсты тәмамдағаннан кейін қайтарымсыз грант алып, заманауи тігін құралы мен қажетті жабдықтарды алады. Үйінің бір бөлмесін тігін цехына айналдырып, тапсырысқа көйлек тіге бастайды.

«Жалғыз адамға тапсырыс көп түссе, үлгеру қиын екен. Үйдің жанындағы мектептерден түрлі мерекелік шараларда өнер көрсететін би топтарының киіміне тапсырыс түсе бастады. Жалғыз өзім үлгермейтіндіктен, қасыма екі қыз алдым.

Жағдайды жасайтын өзін. Балаларың үшін жұмыс істеуің керек. Көп балалымын деп сұрана беретін аналардың ерлері қайда? Ол да отбасының жағдайын жасауға міндетті емес пе? Менің біраз таныстарым бар, мамандығы жоқ бола тұра, еден жуып, ыдыс-аяқ жуатын жұмысқа барғысы келмейді. Өйткені намыстанлады. Ал үйде жағдайы төмен болып, балаларының аш-жалаңаш жүргеніне намыстанбайды. Қоғамда масылдық сана әлі де бар. Оны өз айналамынан да көріп жүрмін. Өткенде бір туысыммыз «жұмысқа алшы» деп қызын жіберіпті. Қолынан тігін келмесе де ательенің ішін реттеп, жуып беруге шамасы келер деп алдым. Қолына сүлгі ұстатып аптасына бір рет реттеп беріп тұр, тиісті ақынды төлеймін десем, «мен мұндай жұмысты істемеймін» деп кетіп қалды. Тағы бір туысым қызым «Сән академиясын бітірді, қасына жұмысқа алшы» делі. Әлгі қыздың үш жыл бойы қандай білім алғанын білмеймін. Тігін мәшинесі тұрмақ, қайшы ұстауды білмейді. «Сонда не оқыдыңдар» десем, «екі жылдай сабақ онлайн болды ғой» деп жауап береді. Сонда онлайн киім тігуді қалай оқытқан? Оған көбінесе тәжірибелік сабақтар керек емес пе деп таң қалдым. Міне, жастардың сиқы осы. Үйренуге, білуге құштар жастар жок.

Мұндай жаман әдеттен арылу керек. Өзің әрекет етпесең, ешкім алдына бәрін дайындап әкеліп бермейді».

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



Көрме

ҒЫЛЫМ – ҒАЖАЙЫП ӘЛЕМ

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен Балалар жылы аясында оқушылар, студенттер және білім беру саласының қызметкерлері үшін «Ғылым – ғажайып әлем» атты интерактивті көрме өз жұмысын бастады.

Қала әкімдігінің ресми сайты хабарлағандай, көрменің негізгі идеясы — ғылым саласындағы жетістіктерді дәріптеу және білім алушылардың танымдық көкжиегін кеңейту, қатысушылардың зияткерлік деңгейін арттыру.

Интерактивті көрмеге келушілерге адамзат баласының өмірін жақсартып, жана перспективалар ашуға мүмкіндік беретін ғылым жетістіктері туралы қарапайым тілмен айтылды.



Ғылым күніне арналған «Ғылым — ғажайып әлем» көрмесінде түрлі ғылыми бағыттар бойынша 10 алаң жұмыс істейді. Елордалық оқушылар өздері жасаған өнертабыстарын жұртшылыққа көрсетуде.

Интерактивті көрме бағдарламасы түрлі форматтағы іс-шараларды қамтиды және 7 аймақтан тұрады:



Ұсынылған жұмыстардың ішінен жұртшылық №3 мектеп-гимназиясының оқушысы Александр Ракутиннің туындысын жоғары бағалады.

Жас өнертапқыш былай дейді: «Мен толығымен автоматтандырылған, бір мезетте санитария, өткізу пункті әрі термометр ретінде жұмыс істей алатын робот жасап шығардым. Оны жасауға коронавирус пандемиясы басталған кезде кірістім. Жасап шығарған құрылғым — маскасыз адамдарды тани алатын және келушілердің қолына антисептикті мөлшерлейтін нейрондық желі. Бұл тест нұсқасы 12-15 мың тенге тұрады, бірақ арзандатылып, ықшамдалса, бағасы шамамен 9-10 мың тенге болады».

Өнертапқыштар мен көрмеге келушілер қазіргі қоғамда ғылым адамдардың көптеген салаларында маңызды рөл атқаратынын, өмірді әлдеқайда жеңіл әрі ыңғайлы ететінін бірауыздан атап өтті. Сондықтан ғылымды дамыту және дәріптеу адам өмірінің барлық саласын жанартудың маңызды факторы болып саналады.

(Өз тілішіміз)

Газдандыру-2022

Нұр-Сұлтанда 11 сәуірден бастап үйлерді газға қосу үшін берілетін әлеуметтік көмек мөлшері ұлғайтылды. Бұл бастаманы елорда әкімі Алтай Көлгінов ұсынды.

40 МЫҢНАН АСТАМ ҮЙ КӨМІР ЖАҒУДАН ҚҰТЫЛДЫ

Бұрын әлеуметтік аз қамтылған санаттарға 90 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде, яғни 260 мың теңгеден астам ақшалай көмек бөлінетін. Енді осы әлеуметтік көмектің мөлшері 130

тұрғын үйді газдандыруға әлеуметтік көмек, «алушы» бағанында — жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы тандалады.

Бүгінде Нұр-Сұлтанда жеке секторды газдандыру жұмысы жалғасып жатыр. Алматы және Сарыарқа аудандары толығымен газдандырылды. Қалада 680 шақырымнан астам газ тарату желілері салынды. Желілер 9 елді мекенге жеткізілді. Қалған екі аудан бойынша газ тарату желілерін салу жұмысы кезең-кезеңмен жүргізіледі. Қазір 3 мыңнан астам отбасы газға көшті. Бұл 40 мыңнан аса отбасы өз үйін көмірмен жылытапайды дегенді білдіреді. Сонымен қатар ЖЭО-1 және ЖЭО-2-дегі барлық су жылыту қазандығы газға ауыстырылды. Елорданы газдандыру қала экологиясын айтарлықтай жақсартуға әсер етеді.

Қаланы газдандыру Мемлекет басшысының тікелей бақылауында.



АЕК-ке дейін — 410 мың теңгеден астам сомға ұлғайтылды. Әлеуметтік көмекті арттыру туралы ұсыныс қалалық мәслихат тарапынан қолдау тапты.

Әлеуметтік көмектің бұл түрін алуға өтінімді egov.kz («электрондық өтініштер» — «онлайн қызметке тапсырыс беру») портал арқылы қалдыруға болады. «Ұстау» бағанында

АИМАҚ

Күрес

Сыбайлас жемқорлық пен нашарқорлық – қоғам дерті. Ал көз келген дерттің асқынуына жол бергенше, оның алдын алған дұрыс. Әсіресе, жас ұрпақты жемқорлықтың теріс салдары туралы құлақтандырып, есірткіге қарсы аяусыз күрес жүргізу керек.

Аманат жастар қанатының Алматы филиалының төрағасы Әкежан Кеңесовпен әңгімеміз осы мәселелер төңірегінде өрбіді.



Jas qazaq: Әкежан Бақытұлы, жақында Алматының бірқатар оқу орындарында «Таза сессия» акциясын жүргіздіңіздер. Осы жобаның ауқымы қандай? Жалпы бұл идеяның туындауына не түрткі болды?

Ә.Кенесов: «Таза сессия» — дәстүрлі түрде жыл сайын өткізетін жобаларымыздың бірі. Бірақ, өздеріңізге белгілі, екі жылға созылған пандемияның кесірінен студенттер онлайн оқу форматына көшкен болатын. Сондықтан былтырғы жылы бұл жоба өтпей қалды. Биылдан бастап оқу дәстүрлі форматқа ауысқаннан кейін, біз бұл жобаны жүзеге асыруды қайтадан қолға алдық. Оған бірден-бір себеп — студенттердің жемқорлық деректері туралы бізге жолдаған толассыз хаттары. Әлбетте, олар аты-жөндерін көрсетпейді. Біздің жобаның басты мақсаты — жоғары оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлық деректерін анықтау. Біз оны қалай анықтаймыз? Біз студенттерге анонимді сауалнама толтыруға мүмкіндік береміз. Сауалнаманың дұрыс әрі әділ өтуін бір топ сарапшылар мен тәуелсіз комиссия мүшелері қадағалайды. Комиссия құрамында «Адалдық аланы» мүшелері, Аманат партиясының жастар қанатының белсенділері, аймақтық қоғамдық жастардың кеңес мүшелері, қалалық мәслихат депутаттары, сонымен қатар блогерлер де бар. Сауалнамадағы берілген сұрақтардың аясында біз студенттердің өзінен алынған жоғары оқу орнына қатысты сыбайлас жемқорлық фактісін анықтаймыз. «Сыбайлас жемқорлық бар ма, жоқ па» деген сауалға жауап аламыз. Өйткені еркін әрі ашық түрде жауап берілуі үшін біз сауалнаманың барлығын анонимді түрде алдық. Осы жоба аясында, жоғарыда айтып өткенімдей, студенттерден анонимді хаттар жартты. «Біздің оқу ордамызды көрсеніздер, тексерсеңіздер» деген өтініштер де толассыз

түседі. «Келсеңіздерші, бізде фактілер бар» деген де хаттар болды. Сондықтан біз студенттердің өтінішін жерге қалдырмай, тексеруге бекіндік. Студенттерден алынған анонимді сауалнаманың жауаптары Нұр-Сұлтан қаласындағы орталық аппаратқа жіберіледі. Ал осы сәуір айының соңында жалпы еліміз бойынша жоғары оқу орындары арасында сыбайлас жемқорлық фактілерінен қорытынды жарияланады. Біз биыл бүкіл республика бойынша 60 жоғары оқу орны мен 30 мыңға жуық студентті қамтуды жоспарлап отырмыз. «Таза сессия» шарасының соңғы

сауалнамаға қарсымыз, себебі жекеменшік оқу орнымыз» деп жауап бергендері де кездесті. Біз сауалнама жүргізбес бұрын, ең алдымен жобаның мақсаты мен міндеті жазылған ресми хатты әрбір университет басшылығына алдын ала жолдадық. Біздің ресми сұранысымызға бірден келісіп, келісімін берген жоғары оқу орындары бар. Ал кейбір оқу ордалары себебін айтпастан, сауалнама жүргізуімізге қарсы болды. Олардың да тізімі мен себебін қорытындыда ашық көрсетеміз.

Jas qazaq: Сіздер жастарға арналған кез келген жобаның басы-қасында жүресіздер.

TAZA SESSIYA ЖӘНЕ NARKOSTOP

ДЕРЕК

ЕМТИХАНДАР МЕН СЫНАҚТАРДЫ ТАПСЫРУ КЕЗІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ФАКТІЛЕРІ ЖИІ КЕЗДЕСЕДІ. МҰНЫ «ТАЗА СЕССИЯ» ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ 23,8 ПАЙЫЗЫ АЙТТЫ. ҚОРЫТЫНДЫ БОЙЫНША, «ПАРАНЫҢ ОРТАША МӨЛШЕРІ» АНЫҚТАЛҒАН. МӘСЕЛЕН, 400 МЫҢ ТЕҢГЕГЕ СТУДЕНТТЕРГЕ АҚЫЛЫ ОҚУ ТҮРІНЕН БЮДЖЕТТІК ОҚУ ТҮРІНЕ АУЫСУДЫ, 260 МЫҢ ТЕҢГЕГЕ ӘСКЕРИ КАФЕДРАҒА ТҮСУДЫ, 150 МЫҢ ТЕҢГЕГЕ ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫ «ӨТЕ ЖАҚСЫ» ЕТП ҚОРҒАУДЫ, АЛ СЕССИЯНЫ 22 МЫҢ ТЕҢГЕГЕ «АВТОМАТПЕН» ТАПСЫРУДЫ ҰСЫНҒАН.

қорытындысы бойынша, еліміздегі 64 жоғары оқу орны қамтылып, 20 710 студент сауалнамаға қатысты. Сауалнама нәтижесінде жоғары оқу орындағы сыбайлас жемқорлық 12,5 пайыз екені анықталды.

Біздің басты мақсатымыз — сыбайлас жемқорлықтың таралуына тосқауыл болу екенін жоғарыда айттым. Меніңше, аталмыш жоба жемқорлықпен күресудің алғашқы баспалдағы. Әсіресе, осы мәселені жастардың өздері көтеріп, өздері емін-еркін жауап бергені қуантады. Демек олар қоғамда сыбайлас жемқорлықтың белен алуына қарсы.

Jas qazaq: «Таза сессия» жобасы бір мезетте бір ғана Алматыны емес, бүкіл ел аумағын қамтыды. Осы ретте сауалнама жүргізуге қарсы болған жоғары оқу орындары болды ма?

Ә.Кенесов: Бұл жоба 28-31 наурыз аралығында бір мезетте бүкіл республика бойынша жүргізілді. Сауалнама қорытындысы сәуір айының соңында ашық түрде жарияланады. Сол кезде бүкіл мәлімет бұқаралық ақпарат құралдарына да беріледі. Жасыратын не бар, сауалнамаға рұқсат бермеген оқу орындары да болды. «Біз



Сондай жобалардың бірі — есірткі бизнесі мен темекіге тәуелділіктің алдын алу. Осы орайда қандай жобалар жүзеге асырылады? Әсіресе, синтетикалық есірткі ғаламтор арқылы саудаланып, кез келген адам қол жеткізе алатын бүгінгі күні оған қарсы қандай күрес жүргізіліп жатыр?

Ә.Кенесов: Қазір тек Алматыда емес, бүкіл ел бойынша қоғамдық дертке айналып кеткен мәселелер көп. Солардың ішінде есірткіге тәуелділік және лудомания, яғни ойынпаздыққа тоқталайық. Бүгінде жастар арасындағы ең өршіп тұрған индеттің бірі — синтетикалық есірткіні тарату және қолдану. Ақпан айының соңында синтетикалық есірткінің таралуына қарсы «Есірткісіз жастар», Narco Stop жобасы ұйымдастырылды. Бүгінде синтетикалық

есірткіге кез келген адам қол жеткізе алады. Қазір әлеуметтік желінің барлық түрін ашып қарасаныз, синтетикалық есірткіге алып барады. Біз қала тұрғындарынан есірткі жарнамасы жазылған жазбаны үй қабырғаларынан көрсе, бейжай отырмай тиісті органға хабарласу керек екенін ескертеміз. «Жастар есірткіге қарсы» науқаны Алматы қаласының 8 ауданы бойынша жүргізілді. Алдағы уақытта оны апта сайын өткіземіз. Бүгінде

ДЕРЕК

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ЕЛІМІЗДЕ ЕСІРТКІ САУДАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ 2384 ҚЫЛМЫС ТІРКЕЛДІ. БҰРЫН СИНТЕТИКАЛЫҚ ЕСІРТКІ СЫРТТАН ӨКЕЛІНСЕ, ҚАЗІР ЕЛ ІШІНДЕ ӨНДІРІЛЕ БАСТАДЫ. АЛ ЕСІРТКІ ТАРАТУШЫЛАРДЫ ҒАЛАМТОР АРҚЫЛЫ ІЗДЕЙДІ. ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ЕСІРТКІ САТУМЕН АЙНАЛЫСАТЫН 400 ИНТЕРНЕТ-РЕСУРС, ОНЫҢ ІШІНДЕ 150-ДЕН АСТАМ ТЕЛЕГРАМ-КАНАЛ АНЫҚТАЛЫП, БҰҒАТТАЛДЫ.

ОСЫ ОРАЙДА ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРАЛІГІ БАРЫНША САҚ БОЛУҒА, САЙТ ӘКІМШІЛІГІ НЕМЕСЕ КУРЬЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ҰСЫНҒАН ЖҰМЫС БЕРУШІНІ ТЕКСЕРІП АЛМАЙ ЖҰМЫСҚА КІРІСПЕУГЕ КЕҢЕС БЕРЕДІ.

есірткіге қарсы күрес агенттігі мүшелері мен еріктілер бірігіп, қабырғалардағы жазуларды өшіру бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр. Бір қуанарлығы, осы шараға қатысқысы келетін ерікті жастардың қатары күн санап артуда.

Jas qazaq: Бүгінде жастардың арасында электронды темекіге құмартушылық байқалады.

Әсіресе, әр нәрсеге еліктегіш жасөспірімдер тарапынан қызығушылық бар. Оған қандай тосқауыл қоя аламыз?

Ә.Кенесов: Бұл мәселені өте өзекті дер едім. Жастар — біздің болашағымыз. Олар қазір көп нәрсенің байабына бара бермейді. Әрине, барлық адам бірдей емес. Дегенмен бұл қоғамдық дерттің алдын алу — біздің міндетіміз. Бізге бұл тауарлар көрші елдерден келеді. Тауарлар кеденнен электронды техникалар және басқалар деген атаумен бақылаусыз еніп жатыр. Соның салдарынан кез келген дүкенде еркін саудаланады. Қазір электронды темекі жасөспірімдер арасында аса танымал. Мәжіліс депутаты Мәди Ахметов осы мәселені Парламент мінберінде көтеріп, дабыл қаққан болатын. Жас депутат осы мәселе бойынша ақпан айында Алматыға келіп, жастармен, еріктілермен, қоғам белсенділерімен кездесті. Осы бір өзекті мәселені әрмен қарай да қозғайтынын айтты. Жоғарыда NarcoStop жобасы туралы айтып өттім. Осы жобаның белсенді мүшесі Нұржан Жақыпов та жастар арасындағы есірткі мен темекіге тәуелділіктің алдын алу мақсатында арнайы жасалған жобалар туралы айтқан болатын. Біздің тарапымыздан дүкендерге рейд жүргізіледі. Сонымен қатар жастарға идеологиялық тұрғыда тренингтер мен түрлі кездесулер ұйымдастырылады. Бұл мәселелердің зиянды тұстары барынша насихатталады. Сондықтан жастарға әзірден бастап түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, барынша ашық әрі пайдалы ақпаратпен қамтамасыз ету — біздің міндетіміз.

Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

Құрмет

Бүгінде бірге туған бауырлар бір шаңырақ астына сыймай жататыны рас. Жүздеген ерекше баланы жүрегіне сыйғызып отырған Тыныш

Жақыпованы Атырауда білмейтін жан көмде-көм. Мансардалы үйінің жоғарғы қабатын ерекше балалар мен мүгедек жандарды өнер, спорт, тігіншілік пен қолөнерге баулып отырған оның ісін ерлікке ғана балай аласың. Құлсары мен Құрманғазы, Индер мен Мақат аудандарынан келетін ерекше балалар ата-анасымен бірге осы үйге қона жатып, сүйікті ісімен шұғылданады екен.

ӨНЕРГЕ ҚҰШТАР ЕРЕКШЕ ЖАНДАР



2009 жылы «Өмір гүлі» ансамблін құрғандағы Тыныш Жақыпованың мақсаты да осы еді. Мүмкіндігі шектеулі балалардың өнермен айналысып, өзін түсінетін орта тауып, өмірдің ағысынан қалмаса деген ниеті орындалды. Бүгінге дейін түрлі қайырымдылық және қамқорлық шаралары арқылы бірлестікке музыкалық құрылғылар, тігін машиналары, теннис үстелі сыйға тартылыпты. Ал бірлестік мүшелері түгелге жуық — сан түрлі конкурстардың лауреаттары.

«Өмір гүлі» үкіметтік емес ұйымның негізін қалаушы Тыныш Жақыпованың ендігі



мақсаты — қала орталығынан ғимарат алып, өнер мен спортқа құштар ерекше жандарды көбірек тарту.

«Азаматтық орталық» КМК басшысы Жаннат Досқалиева: «Өмір гүлінің» облыстағы ерекше жандар үшін еңбегі өте зор. Тыныш апай — өте белсенді, облыста дәл мұндай бірлестік жоқ. Мүмкіндігі шектеулі болса да, осы орталыққа келіп өнерлерін ұштап, өзін танып жатқан жандар қаншама. Тек оларға арнайы ғимарат таптырмай отыр. Мұндай ерекше жандар үшін ыңғайлы орын керек», — дейді. Бірлестік мүшелері өз көрерменіне жүріп-тұруы шектелгенімен, зор талант иесі екенін бірнеше мәрте мойындатты. Аядай бөлмеде қолөнермен айналысып отырған қаршадай қызды, тігін машинасымен алаңсыз іс тігіп отырған қос апайдың



өмірге деген құлшынысын көріп, кеудені қуаныш пен шаттық сезімі кернейді.

Тағы бір қуанарлығы, өнерлі жандардың атқарып отырған үлкен ісін көрген өңірдің жомарт кәсіпкерлері олардың өтініштерін аяқсыз қалдырмай, ғимарат мәселесін шешуге дайын екендіктерін айтыпты. Шағын хабарымызды жазып отырғанда, осындай ажолтай хабар келді. Бәрі оңынан шешіліп кетсін, өнерге құштар өнерлі жандар дегендеріне жетсе екен деп тіледік.

Нүргүл НАСЫР,
Атырау облысы

Жаңа өндіріс

Талдықорғанда «Asma Industrial» ЖШС стационарлық аккумулятор батареяларын шығаратын зауыт солынды. Оған 3,2 млрд теңге инвестиция тартылды. Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлағандай, Қанат Бозымбаев осы жобаға қатысты «Asma Industrial» ЖШС өкілдерімен кездесіп, меморандумға қол қойды.

Өнімді өткізу нарығы белгіленді. ТМД кеңістігіндегі, сондай-ақ Азия мемлекеттері, Еуропаның бірқатар елдері өнімдерімізді алуға дайын. Шығыс өнеркәсіп аймағынан зауыт салуға қажетті жер сатып алдық. Зауытқа орнататын құрал-жабдықтарымыз түгел. «Кайнар АҚБ» базасында дайындалған мамандарымыз бар. Материалдық-кадрлық мүмкіндіктеріміз жеткілікті болғандықтан, жаңа кәсіпорынды табысты жүргіземіз деп сенемін».

Жобаны іске асыру үшін қажетті қосалқы электр стансасы, көріз жүйесі, зауыт шекарасына дейін газ құбырын тарту сияқты

ЭКОНОМИКАҒА СЕРПІН БЕРЕТІН ЖОБА

Осы орайда Қанат Бозымбаев: «Талдықорған машина жасаудың экспортқа бағытталған өнімдерін шығарудың орталығына айналды десе де болады. Бұл жағынан алғанда, бізде аккумулятор батареяларын, кабель өнімдерін, коммунальдық құрылғылар, электр насостарын шығаратын «Кайнар АҚБ» зауыты, «АСПМК-519» кәсіпорындар тобы, «Азия электрик» сияқты көшбасшы кәсіпорындар бар. Енді сол қатарға тағы бір жаңа зауыт — «Asma Industrial» ЖШС-ның өндірістік аккумулятор батареяларын шығаратын кәсіпорын қосылғалы отыр. Бұл жобаны жүзеге асыру үшін біз қажетті барлық инфрақұрылыммен қамтамасыз етеміз. Инвесторлар өз тарапынан өндірістік қорғасынды-қышқылды батареялар шығарудағы технология трансферттерін іске асырып, жергілікті тұрғындарға жұмыс береді. Сонымен бірге қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді барынша мол пайдаланатын болады», — деді Қанат Бозымбаев.

«Asma Industrial» ЖШС басшысы Серік Әжамағбетов жобаның ерекшелігіне тоқталып, алдағы жоспарымен бөлісті: «Кайнар АҚБ» зауытымен салыстырғанда, біздің өндірістің ауқымы әзірге үлкен емес. Бірақ біз негізінен әлі игерілмеген салаларға көбірек ден қойғанды жөн көрдік. Біздің батареялар телекоммуникацияда, энергетикада, темір жолда, жанартылған энергия көздерін пайдалануға қолданылады.

инфрақұрылымдық мәселелерді шешуге облыс әкімдігі қолдау көрсетеді.

«Алматы облысының су, жел, күн энергиясын өндіруге табиғи мүмкіндігі мол. Ал жаңа зауыт шығарғалы отырған батареялар сол жанарған энергия көздерін бойына жинақтап, электр қуатының ауа райына тәуелділігін азайтуға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл жобаның болашағы зор. Осы саланы дамыту ел экономикасына жаңа серпін береді», — деп атап өтті Қанат Бозымбаев.

Стационарлық аккумулятор батареяларын шығаратын зауыттың құрылысы 2022-2023 жылдары жүргізіледі. Кәсіпорын жылына 210 мың дана көлемінде өнім шығарады деп жоспарланып отыр. Жобаны іске асыруға 3,2 млрд теңге инвестиция салынып, 120 адам жұмысқа тартылады. Зауыт толық қуатына шыққанда жұмысшы саны 250-ге жетеді деп жоспарланған. Өнімнің 84 мың данасы ішкі нарыққа, 126 мыңы экспортқа бағытталады.

(Өз тілшіміз)

Тағлым

Белгілі қаламгер Зейнолла Сәнік еңбектеріңдегі адам баласының балалықтан даналыққа дейінгі өмір кезеңдеріне қатысты өзіндік ой-тұжырымдарында бүгінгі күн үшін де тағылымы терең түйіндер жасалған. Халықтық тәрбиенің ғасырлар тезінен өткен тәжірибелерінің мәнін өскелең ұрпақ көдесіне жарату бағытындағы ой-пікірлері қашан да жаңғыртып отыруға тұрарлық бағалы қазына.

Әсіресе, бүгінгідей түрлі мәдениеттер тоғысындағы ұрпақ тәрбиесінде халықтың игі дәстүрлерін жандандырып, ең алдымен, өз асылымызды парықтап алып барып, өзгені мойындау аса қажетті іс болып табылады. З.Сәнік бала тәрбиесіндегі халықтық қағидалардың, салттың рөліне ерекше мән берген. «Баланы жастан» дейтін қағиданы ұстанған халқымыз сәбилің дүниеге келуі мен ат жалын тартып, азамат болып қалыптасуына дейінгі аралықтағы барлық тағылым-тәрбиесін түрлі салт-дәстүрлердің мазмұнына сыйғызған. Сәби дүниеге келген күнгі шілдеханадан басталып, бала өмірінң жарқын да шат көңілде өсіп, өмірден ой сабақтауға біртіндеп

жан-жақты және шынайы ілім жинауы үшін өз баласынан барлық қамқорлықты аямаған. Қазақта «олай істеуге болмайды» деген тыйым бар. Бұл — ырымдар мен тыйымдар арқылы тәрбиелеудің түрі. «Неге болмайды? деген сауалға тек «жаман болады» деп қана жауап беріледі. Демек бұл — ғасырлар бойына тексерілген шындық. Сондықтан да оны талдауға болмайды. Тек орындау керек, яғни бұл көне заманғы «киелілік» туралы ұғымның тәрбиелегі көрінісі. Үлкен мен кішінің, ұл мен қыздың, адам мен табиғаттың қарым-қатынасы да осындай қалыптасқан заңдылықтарға құрылады.

Зерттеуші осы ерекшеліктерге тоқтала келе, бала тәрбиесіндегі үлгі-өнеге, өскен ортаның әсер, ықпалы жайында да айтуды жөн көрген. Мысалы, «Аталары жақсы еді», «Жақсы азамат болып өсіпті» дейтін сөз иелену үшін қазақтың балаларын намысқа, шындыққа тәрбиелеуде ата-ананың рөлі зор болғандығын мысал әңгіме, аңыздармен жеткізген.

Әрине, халық даналығы — баланың рухани өсуін қамтамасыз етуде жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл-есін дамытатын, оларды адамгершілік қасиеттерге баулитын өмір оқулығы.



Зейнолла Сәнік еңбектеріндегі ДӘСТҮРЛІ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МӘНІ

үйренуіне байланысты ырым мен жөн-жоралғылар жосыпның мәнін аша отырып, зерттеуші бесік жырына жан-жақты тоқтала келе, қазақтың балаға қатысты әрбір рәсімінің өзіндік ерекшелігі болатындығын ескертіп, оны қазіргі ата-ана мен мұғалімдердің көдесіне жаратуда жан-жақты өзіндік ізденісін керек ететіндігін айтады.

Этнопедагогиканың тәрбиелік сипатын: тіл ұстарту, сан үйрету және еңбекке баулу, әдеп-иба және адам болу тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, ата-дәстүр тәрбиесі деп бөліп қарастыра отырып, бала тәрбиесіндегі үш жасқа дейінгі кезеңді «аса маңызды кезең» деп есептеп, ең алдымен, ана тілінің нәрін сіңірудің маңыздылығын алғы кезекке қояды. Бала дамуындағы әрбір кезеңіне арнайы тоқталып, осылардың барлығы ата-ананың мұлт жібермей қадағалайтын парызы болу керектігі, егер бірі ұмытылса, баланың болашақ болмысына кері әсері тиетіндігін дәлелді ойларымен тиектейді. Қазақтың этнопедагогикасы қатарында қарастырған бесік жыры жайлы тұжырымдарын белгілі фольклортанушы ғалымдар пікірлерімен сабақтас зерделей келе, бесік жырының маңызы жайлы айтылған ежелгі заман ғалымдарынан бастап, күні бүгінгі зерттеушілер пікіріне дейін мысалдар келтіруі бұл мәселенің мәнін жан-жақты аша түседі. Бесік жырының жаттамалы, суырып салмалық түрімен қатар, түрлі тағылымдық-тәрбиелік қызметінің мәнін де жан-жақты зерделеуге тырысқан. Халықтың тәрбиені мазмұнына қарай: тіл ұстарту тәрбиесі, сан үйрету және еңбекке тәрбиелеу, әдеп-иба және адам болу тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, ата дәстүр тәрбиесі — деп жіктеп, этнопедагогика тәрбиесінің тәсілдеріне мақал-мәтелдермен тәрбиелеу тәсілі, ым-ишарамен тәрбиелеу тәсілі, ырым-тыйымдар арқылы тәрбиелеу тәсілі, үлгі-өнеге арқылы тәрбиелеу тәсілі деп талдап, қазақ этнопедагогикасының арғы бастаулары ретінде әл Фараби, М.Кашқари, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Қожахмет Йассауи, Мұхаммед Хайдар Дулати тағылымдарына терең бойлап, олардың ұлттық тәрбие тарихындағы орнын зерделейді. Зейнолла Сәнік тұжырымдарының бағалылығы: ұлттық тәрбиеге қатысты дәстүрлі бала тәрбиесіндегі құндылықтарды жете танып, бағалап қана қоймай, оны бүгінгі ұрпақ көдесіне жарату жолдарын насихаттай білуінде. Ең бастысы — халықтық педагогиканың өз халқының тұрмысы мен өмірінің тарихи ұлттық ерекшелігіне сәйкес келуін басты ұстаным етіп, жас шәкірттерді адамгершілікке, ізгілік пен бауырмалшылыққа, адал еңбек пен әділдікке, әдептілік пен сабырлыққа шақырып, кісілік болмысын биік ұстауға жеткізетін құндылығын ескерген. Тәрбиелеудің бір әдісі ретінде осындай ізгі қасиеттерге баулитын қазақтың аңыз-әңгімелері, насихат сөздері мен мақал-мәтелдер, мағыналы өлеңдердің мәніне сүйенген. Сонымен қатар, баланың есі кіре бастағаннан әр түрлі жағдайларда және қонақ құту, той, асты өткеру кезіндегі әдеп нормаларын меңгеруінің де маңызына назар аударған. Адамның жас ерекшелігіне сай ойлау, түйсік, түсіну қабілетінің ерекшелігі баланың білімді меңгеру тәсілін үйренуді де қажет етеді. Қазақ халқы баланың ішкі дүниесіндегі қасиеттерін дамытып, өмірдің маңызды сұрақтарын ұқтырып, өмір жайында



Бүгінгі жаһандану дәуірінде өскелең ұрпақты ұлттық тәрбиенің құндылығында баулу басты міндет болып табылады. Бүгінгідей ақпараттар ағыны қарқынды дамыған заманда және түрлі ұлыстардың мәдениеті тоғысқан кезеңде өз құндылықтарымызды тәрбие саласына ұтымды пайдаланудың жолын табу ата-ана мен ұстаз ғана емес, баршамыздың міндетіміз. Ата-бабаның кастерлі қағидаларын бала санасына сіңдіргенде ғана өскелең ұрпақтың бойында тарих тегеуріндеріне тап келген тұста тосымайтын мінез қалыптасары ақиқат. Осы ақиқатты сезінген қаламгер ұлттық құндылықты тәрбие мен оқытуда пайдалануда ең алдымен ұстаздың ой-өрісінің маңыздылығын атап көрсетеді.

Зейнолла Мүбәрәкұлы әл Фарабидің оқытудың негізгі әдіс тәсілдерін (*түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру*) талдайтын тұстарының күні бүгінге дейінгі маңыздылығына мән берген. Мәселен, белгілі бір халықтық ұғымды түсіндіру үшін жастарға оның қазіргі заманғы сипатын емес, өткен тарихтағы мән-маңызын ашып, әр халықтың дәстүрі сол халықтың қазынасы екендігін ұқтыра білгенде ғана жас баланың жүрегінде ізгі сезім оянбақ. Ал түрлі психологиялық ерекшеліктеріне қарай баланың әсерленуі де әркімге болып келеді. Бұл тұста ұлттық өнеріміздің бүкіл эстетикалық мұрастарын танытатын аңыздар мен ертегілердің мәні зор. Автор осы тәсілді тандап алған.

Әсіресе, зерттеушінің Ұлы ұстаз әл Фарабидің ең басты принципі — өзін-өзі қадірлеу туралы пікірлерін тереңдете отырып, денсаулықпен адам өміріндегі маңызы жайындағы пікірлерін оның өмір сүру нормаларымен, істейтін әрекетімен, ісімен байланысты қарастыруы аса бағалы. Сондықтан «Денің сау болса, онда оны сақтамақ керек, ал сау болмаса, сауықтыру керек. Лайықты еңбек денеге күш бағыттайды. Адам кез келген жұмысқа жарамды бола бермейді. Жұмысты неғұрлым жетік және жақсы аңғарса, білгір және шебер болып шығады. Қандай әрекет, қандай іс істесек те, содан рахат табу, соның рахатын көру біздің

мақсатымыз болмақ» дейтін пікірін келтіре отырып, тәрбиеден тағылым алу үшін алдымен адамның дені сау, рухы таза болу керектігіне баса мән береді. Зейнолла Мүбәрәкұлы әл Фарабидің «ғылымды үйрену үшін адамның арының тазалығы керек» дейтін принципі де оқырман жадында қайта жаңғыртып, өмірдің өзін өзгертіштік күшке ие ғылымның тазалығы жеке адамның ар-ұждан тазалығымен қабысып жататын қасиет екендігін тұжырымдайды.

Біздіңше, Зейнолла Сәніктің көтерген мәселелеріне тың көзбен қарап, белгілі тақырыпты қозғағанда, ол жайындағы өзіне дейінгі барлық айтылған пікірлерді ізетпен атайтындығы осы ғылыми тазалық принципі ұстанғандығының айғағы.

Ұлттық тәрбие жүйесі жайындағы ой-пікірлерінде Зейнолла Сәніктің бала тәрбиесімен қатар, адамның қарттыққа жеткен кезеңіндегі өмір сүру қағидаларына қатысты ойлары да көңіл аударарлық. Мысалы, «Қарттықты қалай өткізу керек» дейтін макаласында қазақ отбасындағы, жалпы қазақ қоғамындағы «қария», «аксақал» ұғымдарының ғасырлардан келе жатқан тек құрметпен, сыйға лайық өмір сүре білген жандарға тән лауазым іспетті болғандығын айта келе: «Қарттар ұрпақ алдында өзінің қарттық салауатын, ақсақалдық абыройын сақтай білгені жөн. Біздің халқымызда қарттарын қадір тұтатын, оның ұзақ ғұмыр көріп, немере-шөбере сүйіп, мол ұрпақты әулетті өрбіткенін айрықша қасиеттеп, «киелі жандар» қатарында қарап, «Алланың алғысына бөленген» адам ретінде қарайтын тамаша дәстүр бар. Мұндайлардың арысы бір елдің, берісі бір ауылдың, болмағанда бір әулеттің қадір-құрметіне бөленеді. Сондықтан біздің қарттарымыз халқының сол бір ізет-құрметіне лайық болғаны абзал» дей отырып, қарттықтың қадірін кетіріп алмаудың жолын заман талабына сай жана ізденістермен, істермен айналысумен сабақтастыра насихаттайды. Сондай ізгі істердің бастысы: қариялардың халқымыздың өткен тарихына қатысты әдеби, ғылыми мұраларды, ірі оқиғаларды, тарихи тұлғаларға қатысты үлгі-өнегелерді жинап-реттеу екендігін атап көрсетеді.

Халқымыздың «қосағымен қоса ағару» деген ұғымының мәні — «қарттық дәуірдің салтанаты әрі сәулеті» екендігіне назар аударта отырып, жұбы жарасып, немере-шөбере сүйіп, қосағымен қоса ағарған ардақты ата, аяулы аналар өмірінен тағылым түйіндейді. Осындай өнегелі ұядан ұшқан ұл-қыздың да өз әулетін көбейтіп, үбірлі-шүбірлі болуы халқымыздың байырғы кастерлі ұстанымы болғандығын өзінің жадысында сақтаған «Жолымбет баба 107 жас жасап, тірісінде 115 отауды өз қолымен көтеріпті деген аңыз бен Ілебай шешеннің «Мал байлығын қойшы, жан байлығын айтсаңшы, биыл Мәжен қажының сегіз келіні жүкті дейді, шіркін, нағыз байлық сол той!» деген сөздері арқылы қазақтың жан

байлығын басты мұрат еткендігін бүгінгі заман адамдарының есіне салады, үлгі етеді. «Шіркін, пәленнің ұрпақтары-ай!» дегізу — онай-оспақ қол жететін іс емес» дей отырып, Зейнолла қарияның бір атадан өрбіп, өсіп-өнген әулеттің арасындағы жарасымды сыйластық, өзара құрмет, бірін-бірі аялау, бір құрсақтан тараған бір ауыл елді береке-бірлікке келтіруде қарт ата мен әженің, әке мен шешенің бірін-бірі алмастырмас міндеті мен парызы болғандығын, сонда ғана әулеттің түтіні тұзу шығатындығы жайлы тағылымды тұжырымдары қашан да қажетті әрі құнды пікірлер. Өйткені ол кісі тек құрғақ ақыл мен үгіт айтып қана қоймай, өз өміріндегі көзімен көрген ел өмірінің тағылымды тұстарын осы әулет, отау құру тақырыптарына қатысты кең таратып айтады. Ондағы ойы бүгінгі күні кездесіп жататын, өкінішке қарай, қазақ салтына жат ажырасу мен соның салдарынан баланың жетім қалып, оның ақыры баланың бал дәурен шағындағы өсіп-жетілуіне танба түсіретін келенсіздіктен сақтандырғысы келеді. Қаншама қасіретті басынан кешірсе де, күні бүгінге біртұтас халық болып жеткен қазақтың отбасылық үлгі-өнегесінің өзіндік белек тәрбиелік, тағылымдық міндетті мектебі болғандығын ұрпақ жадында жаңғыртып, отаудың отын өшірмеуге шақырады. «Біз кешегі Басбай ауылын негіз еткен бай әулетінің дастархан мәдениетін, киім кию мәдениетін, жүріс-тұрыс мәдениетін, жол-жосын мәдениетін, ойын-сауық мәдениетін, басқалармен қарым-қатынас мәдениетін көрген жандармыз. Естуге қарағанда, осындай көшелі мәдениет Таңғыт үкірдай, Мамырбек төре ауылдарында, сондай-ақ Алтайдағы Бейсі ауылы мен Іледегі Сасан, Байеке ауылдарында болған екен. Осындай отбасылық мәдениеттің осы заманға үйлескен үлгісін біз Үрімжідегі кейбір кісілігі биік, қосағымен қоса ағарған көне көздердің үйлерінен де көріп жүрміз. Осындай отбасылық, әулеттік мәдениет жүйесін көбінде әйелдер, әсіресе, қасаба бәйбішелер жасайтын тәрізді» дейтін ойларында тағы бір маңызды тақырыптың ұшын шығарып, қазақ отбасы құрылымындағы әйел, аналар рөлінің маңызы жайында ой толғап өтеді. «1970 жылдары мен айдалып, төменге барғанда сол ауылдағы Тұғылбай әулеті дейтін төрт ағайынды адамнан тарайтын 20-30 үй болды. Бүкіл ауылды сол төрт ағайындының үлкенінің бәйбішесі Сапа деген апамыз басқарады екен. Әлгі адамның сөзі қыстақ бастығының сөзінен де өтімді (*әрине, әкімшілік жағы басқаша*). Басқарғанда қандай, бәріне бір шалдың лебізін көлденең тартып: «Шал өйтіп жатыр, шал бүйтіп жатыр, шал естісе, төбелерінді ояды» деп, бір қарияның сакалы арқылы бір әулетті ұршықша үйіреді екен». Көп жағдайда біз жоғарыда дәріптеген дана көкірек қариялар, ел-жұртқа ақыл көрсететін асыл қарттар осындай ортадан, осындай көргенді әулеттен шығып жатыр. «Қарттық дәуірді қалай өткізу керек?» — деген сұраудың бірқыдыру жауаптарын осындай аяулы ананың бойынан да табуға болады. Бір басында «атаның қайраты, ананың айбаты бар» әйел деп осындай әйелді айтатын шығар. Азаттықтың алдында Қадуан ханымын айналасында да «Үрімжінің жаға-жеңін түзеткен адам» деген сөз қалған екен» дейтін ойларында тарата айтарлық тәрбие үлгісі көрініс тапқан.

Халқымыздың ұғымында кастерленетін «қария», «аксақал» ұғымдарының жана заман, жана көзқарас тұрғысында да қадірін кетірмеуді хош көретін пейілмен бұл ұғымдардың әрқайсына өзіндік анықтама беруге тырысқан. Заман талабына сай қарттардың өзінің бай тәжірибесін тіл үйрену, заманның қыр-сырын тану үшін білім жетілдіру, жастарға дұрыс жөн-жоба ұсынып, бірлесе іс атқару тын тыныс, сергек серпін әкелетіндігін түйіндей отырып, өзгө көріп, дәмдес болып, ғибрат алған, өзі өмір сүрген өңірдегі әдемі қартай білудің үлгісіндей болған қарттар қатарында: Асқар Татанайдың, Нүсіпханның, Мағау, Әбдірәшіт секілді қариялардың жүрген жүрісі, сөйлеген сөзі мен киім-күйі, қимыл-әрекетіндегі ғибратты жақтарын үлгі етеді. «Ақыл марқаяды, жастық шалқаяды. Біз қарттар марқайған ақылдың маздаған отын жаға білейік! Сол маздаған оттын жылылығын, жарық сәулесін өмірде жылылыққа, жарыққа зәру жандарға жәрдем ретінде қалдыра білейік! Сонда ғана қарттықтың қасиетінен өзіміз де, өзгелер де өмірлік ләззат алған болады» дейтін ақылман ақсақал қариялықтың басты белгісі ретінде — қазіргі жастарға халықтық дәстүрдің құнды жақтарын таныта білудегі халық даналығының ізгі тұстарын жаңғырту қарттықтың басты қасиеті деп есептейді. Соны өзі бастап, қазақтағы ырым, салт- дәстүр, әдеттің ара-жігін ашып көрсетіп, көп құндылықтардың аяқасты болғандығына қынжылады. Әсіресе, бүгінгі өмір салтымыздағы өзекті мәселеге айналған той мен астағы ысырапшылыққа жаны ауырып, сол шығынды орнымен пайдалану жөнінде аса құнды пікір айтады. «Сол бір аста-төк той жасаушылар оқуға түсе алмай жүрген бірнеше оқушыға демеуші болып, соны тойының бір мазмұнына айналдырса, тұтас ұрпақ үшін сауапты іс істеген болар еді. Ал үлкен ас өткізуге арналған қаражаттың бір бөлігін мүгедек жандарға, қоланаты жөк көрілерге көмекке беріп, оны сол бір астын мазмұны етсе, мұның әруақ үшін үлкен сауабы, тірілер үшін шапағаты болары хақ еді» дейтін ойлары бүгінгі күн үшін де өте өзекті пікір деуге болады.

Жинақтай айтқанда, Зейнолла Сәніктің қай жанрдағы еңбегінде де қазақтың ежелден бергі өмір сынынан өткен тәрбиесі мен тарихының мәнін жан-жақты ашу мен жас ұрпаққа таныту көзделген. Осы ардақты азаматтық парызы қаламгер абыроймен атқарған деп ойлаймыз.

Дүйсенгүл ЖАҚАН,
М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты фольклортану бөлімінің аға ғылыми қызметкері



Шоқыр Бәтөкұлының қаққан қазығынан шыққан қазақ боксының бүгінгі биігімен әркім де санасады. Айтпағымыз, кәсіпқой бокстағы қазақ боксшыларының қазіргі сұрлемі жайында. Кәсіпқой боксқа ауысқан тарландардың дені мұхит асып, АҚШ-қа аттануды жөн санайды. Себебі осы құрлықта кәсіпқой бокстың базары қыз-қыз қайнап жатады. АҚШ-та білікті маманға деген сұраныс алабөтен. Отандасымыз Дарын Нұрқасымов та осы күнде АҚШ-та тұрады. Шәкірт тәрбиелеп, саңлақтарын түрлі додаларға қосып жүр. 90-жылдардың басында қазақ боксының алаңына алтын шоғыр келді. Сол буынның ішінде Дарын Серікбосынұлы да болды. Түрлі деңгейдегі сайыстарға қатысып, шеберлігін көрсетті. Кейін көпшілік көзінен тасаланып қалғандай көрінген білікті боксшы бапкерлік шеберлігін әйгілеп, АҚШ-та шәкірт баулып келеді.

Jas qazaq: АҚШ-қа қалай жолыңыз түсіп жүр? Ол жакка турист есебінде барудың өзіне виза алу машақат. Ал сіз ол жақта тұрғылықты тұрып бапкер болып қызмет етесіз.



Дарын Нұрқасымов: 1997 жылы сол кездегі дене шынықтыру және спорт институтын бітірдім. Осы оқу орнында профессор Төлегенов сынды ұстаздан тәлім алдым. Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Эдуард Ғабдулов ағайдың тәлімін алып, бокстың қыр-сырын меңгердік. 1998 жылдан 2002 жылға дейін Қазақ спорт және туризм академиясында бапкер-оқытушы болып еңбек еттім. 2009 жылға дейін «Абылай хан» спорт

клубында директор әрі бапкерлік қызметті қоса атқардым. Осы клубта жүргенде бапкер ретінде спортшыларды Еуропа, әлем чемпионаттарына бастап барып, спортшыларымыз олжалы оралып жүрді. 2009-2011 жылдары «Карабелла» клубында директор, жаттықтырушы, 2016-2018 жылдар аралығында ПСП «Арыстанда» бапкер нұсқаушы болып жұмыс істедім.

2016 жылы коян-колтық ұрыстан қорғаныс министрлігінің кубогында командалық есепте 2-орын алдық. Сол жылы Мәскеуде күштік құрылымдар арасында халықаралық турнир өтіп, олжалаған жүлдеміздің нәтижесінде 3-сатыға орнықтық. 2017 жылы Жоғарғы бас колбасшының кубогында

Дарын НҰРҚАСЫМОВ:

ҚАЗАҚ БОКС МЕКТЕБІНІҢ ТЕГЕУРІНІ МЫҚТЫ

көш бастап 1-орынға көтерілдік. Осы долларға командалағы жігіттерді баптап апарып костым. АҚШ-қа қоныс аудару турист есебінде келген сапардан басталды. Туристік визамен АҚШ-тың Флорида штатындағы Кей-Вест қаласында жекпе-жек залында болдым. Залдағы спортшылардың жаттығуына қатысып, өзімнің бапкерлік шеберлігімді көрсеттім. Олар менің жұмыс істеу тәжірибемді бағамдап, бапкерлікке жұмысқа шақырды. Сосын жұмыс визасымен барып, бүгінгі таңда бокстан және ережесіз жекпе-жектен шәкірт тәрбиелеп жүрмін. Өзім баптаған спортшылар сегіз жарысқа қатысып, соның жетеуінде чемпион атанды. Алда Майамиде үлкен турнир өтеді. Соған қызу дайындалып жатырмыз. Әуесқойлар арасындағы ережесіз жекпе-жек турнирі әлемге Hard Rock Hotel атауымен әйгілі. Міне, осы сайысқа екі бірдей шәкіртім қатысады. Турнирді ұйымдастырушылар бір клубтан екі спортшы қатыстыратын тек мен ғана екенімді айтты. Демек бұл да үлкен жетістік деп санаймын.

Jas qazaq: Қазақ бокс мектебі жайында оның ішінде кәсіпқой боксшыларымыз туралы АҚШ-та айтылғанда, ең алдымен ауызға Василий Жиров ілігеді. Тәуелсіз Қазақстанның спортында кәсіпқой боксқа ауысып, орасан жетістікке жеткен алғашқы санлақтардың бірі.



Дарын Нұрқасымов: Жировты сонау бозбала шағынан жақсы білемін, жете танимын. Осы күнде екеуміз де АҚШ-та тұратындықтан жиі хабарласып тұрамыз. 90-жылдардың басынан бері қарай әуесқой бокстағы оның жүріп өткен жолы, жарқын жеңістерін де жақсы білемін. 1996 жылы Атланта Олимпиадасында алтын медальмен бірге үздік боксшыға берілетін Вэл Баркер кубогын иеленді. Қазақ бокс мектебі бұл жақта зор беделге ие, санасалы бәрі де.

Jas qazaq: Күні кеше ғана кезекті жарқын жеңісіне жапон елінде қол жеткізіп, әйгілі Муратоны техникалық нокаутпен ұтқан бірнеше чемпиондық белбеулердің иегері Геннадий Головкиннің ізін жалғап, бірнеше жастарымыз шықты. Жәнібек Әлімханұлы да чемпиондық белбеуге жакындап келеді. Айдос Ербосынұлы,

Мәдияр Әшкеев, Мейірім Нұрсұлтанов, Данияр Елеусінов, Садриддин Ахмедов сынды санлақтардың артынан да қалын шоғыр өсіп келеді.

Дарын Нұрқасымов: Дұрыс айтасын, қазақ бокс мектебінің түлектері тегеурінді болатынын америкалықтар да жете біледі. Кәсіпқой бокстың



каржылық нарығы шарықтау шегінде қазір. Сол себепті де оған қызығушылар, қазанында қайнап шыңдалуды көздейтіндер әлемнің әр қиырынан келеді. Қазақ боксшылары да сол қалың нөпірдің ішінде өздерінің жұдырықтасу өнері биік екенін дәлелдеп жүр.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Қуаныш РАХМЕТ

ҚҰНАДАНЫҢ



Әжемнің сандығында не бар?

Жуырда Мемлекеттік орталық музейде мәдени-білім бөлімінің педагогика секторының қызметкерлері Ибрагим Нүсіпбаев атындағы Алматы облыстық мектеп-интернатының 8-сынып оқушыларына арнап өзірлеген «Әжемнің сандығының сыры» атты музей сабағын өткізді.

Музей қорынан ұсынылған ғажап заттар жай ғана иллюстрация емес, сонымен қатар туған өлкенің тарихы мен мәдениетін зерделеу



мен таныстырудың көзі. Балалардың бұл сабақтан керемет әсер алғаны анық.

Мұндай сабақ жас ұрпақты қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің материалдық әлемімен, яғни ұлттық киімдері, зергерлік бұйымдары, сәндік-колданбалы өнері және т.б. таныстырады. Ойын, диалог, сұрақ-жауап, сөзжұмбақ, жұмбақ шешу арқылы балалардың шығармашылық белсенділігін артыруға септігін тигізеді.

«Әжемнің сандығының сыры» атты сабақта музей қызметкерлері оқушыларды көшпелілер ойлап тапқан ең үлкен өнертабыстың бірі

— киіз үймен таныстырды. Киіз үйде ағаш шеберлерінің қолынан шыққан сандық — ағаш шебері, иірімдер негізгі бұйымдардың бірі болып табылады. Сандықтар ағаштан жасалған, үй жануарларының терісімен жабылған, жануарлардың сүйектерімен, күміс табактармен, ою-өрнектермен, суреттермен безендірілген.

Музей қызметкерлері оқушыларды үйге барған соң өженің сандығына бірге үніліп, онда не сақталғанын білуге шақырды. Өйткені әр заттың өз тарихы бар. Заттың тарихы — бір отбасының, бір ұрпақтың, елдің тарихы.



(Өз тілшіміз)



Баға қымбаттады/ арзандады

МЫСАЛ: Тұрғын үй бағасының қымбаттауының бір себебі өзіндік құнның есебі жоқтығынан дейді сарапшылар. Тауарлы газдың сауда құны 15%-ке дейін қымбаттайды. Қазақстан құрылысшылар одағының басшысы баспана бағасының нәліктен қымбаттап жатқанын айтты.

Баға қымбаттамайды да, өйткені тауардың өзі, мысалы, нан (*нан бағасы емес!*) қымбаттайды немесе арзандайды.

ДҰРЫСЫ: Тұрғын үй бағасы көтерілуінің бір себебі — өзіндік құнның жоқтығынан дейді сарапшылар. Тауар газдың көтерме саудадағы бағасы 15 %-ке дейін көтеріледі.

Бағаларды ұстау

МЫСАЛ: Мемлекеттік органдардың бағаларды ұстау бойынша қабылдаған шаралары оң нәтиже бермеген.

Ұстау деген сөздің сөздіктегі алғашқы мағынасы бір нәрсені қолмен қармап тұру дегенді білдіреді. Әрине, тек затты ұстау ғана емес, одан соң қаншама мағынасы шығады. Бірақ олардың қатарында *бағаны ұстау* деген жок. Өйткені ұстау — жалпы әрекеттің



атауын білдірсе, бағаны дәл қазір (*немесе белгілі бір уақытқа дейін*) бір қалыпта ұстап тұруды білдіру үшін *ұстау* сөзіне *тұру* қалып етістігі қосылады. Сонда бағаны *ұстап тұру* болады. Бұл — қалыптасқан тіркес. Бағаларды ұстау бойынша дегендегі бойынша — орыстың «по» деген демеулігін *бойынша* деп аударғаннан болған қателік.

ДҰРЫСЫ: Мемлекеттік органдардың бағаларды ұстап тұру мақсатында жасаған шаралары оң нәтиже бермеген.

Бағасы қымбат

МЫСАЛ: Қазақстандағы тұрғын үй бағасы қымбат қалалардың рейтингі жарияланды.

Қазақ тілінде баға не жоғары, не төмен болады. Сатылатын заттың өзі қымбат не арзан болады.

ДҰРЫСЫ: Қазақстандағы тұрғын үй ең қымбат / тұрғын үй бағасы бөрінен жоғары қалалардың рейтингі жарияланды.

Баи

МЫСАЛ: Рухани жағынан баи түсті. Емле қатесі кеткен: қазақ тілінде дауысты дыбыстан кейін келетін дыбыс (*әріп*) *й* болады. Мұның етістік түбірі — *байы*, оған көсемшенің *-й* жұрнағы жалғанған. Емле сөздіктерінде баю сөзінің тұсында берілген: *байы, байиды, байшын*.

ДҰРЫСЫ: рухани жағынан байи түсті.

Бай-бағылан

МЫСАЛ: Олай болса, күні ертең бай-бағыланның балалары ата-аналарына арыз-шағым түсірмейтініне кім кепіл?

Емле қатесі кеткен: бұл сөйлемдегі *бай-бағылан* сөзінің екінші сынарының жазылуы — *бағылан*.

ДҰРЫСЫ: бай-бағылан.

«СӨЗТҮЗЕР».

Қате қолданыстар сөздігінен

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы
Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі
Тілшілер мен қызметкерлер:
Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық
Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші
Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:
Мерген ТОҚСАНБАЙ—
Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34)
Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)
Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы (8 702 959 80 08)
Мөлдір КЕНЖЕБАЙ — Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)
Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)
Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:
«Аманат Медиа» ЖШС
Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ
Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)
Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №1073;
Бағасы келісім бойынша
Таралымы — 5000 дана
Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.
Jas qazaq газеті «Қараан», «Хорошие новости плюс» және КОК TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады
Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 күәлігін алды.
Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.